К счастью, человек, обладающий знаниями иностранного языка может с лёгкостью

исправить недочёты, допущенные программами. Знающий человек изменит перевод в лучшую сторону и максимально приблизит перевод к адекватному.

Вместо «машинный» иногда употребляется слово автоматический, что не влияет на смысл. Однако термин автоматизированный перевод имеет совсем другое значение - при нём программа просто помогает человеку переводить тексты.

Автоматизированный перевод - это широкое и не совсем точное понятие, охватывающее широкий спектр простых и сложных инструментов. Они могут включать:

Программы для проверки правописания, которые могут быть встроены в текстовые редакторы или дополнительные программы;

Программы для проверки грамматики, которые также встраиваются в текстовые редакторы или дополнительные программы;

Программы для управления терминологией, которые позволяют переводчикам управлять своей собственной терминологической базой в электронной форме. Это может быть и простая таблица, созданная в текстовом редакторе, и электронная таблица, и база данных, созданная в программе FileMaker. Для более трудоемких (и более дорогих) решений существует специальное программное обеспечение, например, LogiTerm, MultiTerm, Termex, TermStar и т. п. [1: 12];

Словари на компакт-дисках, одноязычные или многоязычные;

Терминологические базы данных, хранимые на компакт-дисках или подключаемые по Интернету, например TheOpenTerminologyForum или TERMIUM.

Программы для полнотекстового поиска (или индексаторы), которые позволяют пользователю обращаться с запросами к ранее переведенным текстам или разного рода справочным документам. В индустрии переводов известны такие индексаторы, как Nature1, ISYS SearchSoftware и dtSearch [2: 47];

Программы конкорданса, которые позволяют находить примеры слов или выражений в употребляемом контексте в одноязычном, двуязычном или многоязычном корпусе, как например, битекст или память переводов, например Transit NXT;

Битекст, одно из нововведений последнего времени, это результат слияния исходного текста и его перевода, который впоследствии может быть проанализирован при помощи программ для полнотекстового поиска или конкорданса;

Программное обеспечение для управления проектами, которое позволяет лингвистам структурировать сложные переводческие проекты, передавать выполнение различных задач разным сотрудникам и наблюдать за процессом выполнения этих задач;

Программы управления памятью переводов (ТММ), состоящие из базы данных сегментов текста на исходном языке и их переводов на один или более целевых языков, например Transit NXT;

Почти полностью автоматические системы, напоминающие машинный перевод, но позволяющие пользователю вносить определенные изменения в сомнительных случаях. Иногда такие программы называют машинным переводом с участием человека.

Идея АП появилась с момента появления компьютеров: переводчики всегда выступали против стандартной в те годы концепции МП, на которую было направлено большинство исследований в области компьютерной лингвистики, но поддерживали использование компьютеров для помощи переводчикам. В 1960-е годы Европейское объединение угля и стали (предшественник современного Евросоюза) стало создавать терминологические базы данных под общим названием Eurodicautom. В Советском Союзе для создания баз такого рода был создан ВИНТИ.

В современной форме идея АП была развита в статье Мартина Кея 1980 года, который выдвинул следующий тезис: «by taking over what is mechanical and routine, it (computer) frees human beings for what is essentially human» (компьютер берёт на себя рутинные операции и освобождает человека для операций, требующих человеческого мышления).

В настоящее время наиболее распространенными способами использования компьютеров при письменном переводе является работа со словарями и глоссариями, памятью

переводов (англ. TranslationMemory, ТМ), содержащей примеры ранее переведенных текстов, терминологическими базами, а также использование так называемых корпусов, больших коллекций текстов на одном или нескольких языках, что дает сжатое описание того, как слова и выражения реально используются в языке в целом или в конкретной предметной области.

Для локализации программного обеспечения часто применяются специализированные средства, например, Passolo, которые позволяют переводить меню и сообщения в программных ресурсах и непосредственно в откомпилированных программах, а также тестировать корректность локализации. Для перевода аудиовизуальных материалов (главным образом фильмов) также используются специализированные средства, например, Aegisub, которые объединяют в себе некоторые аспекты памяти переводов, но дополнительно обеспечивают возможность появления субтитров по времени, их форматирования на экране, следования видеостандартам и т. п.

При синхронном переводе использование средств автоматизированного перевода из-за его специфики ограничено. Одним из примеров является использование словарей, загружаемых на КПК. Другим примером может служить полуавтоматическое извлечение списков терминов при подготовке к синхронному переводу в узкой предметной области [3: 72].

В узких предметных областях при большом количестве исходных текстов и устоявшейся терминологии переводчики могут использовать и машинный перевод, который может обеспечить хорошее качество перевода терминологии и устойчивых выражений в узкой области. Переводчик в этом случае осуществляет пост-редактирование полученного текста. Более половины текстов внутри Еврокомиссии (главным образом юридические тексты и текущая корреспонденция) переводится с использованием МП.

Машинный перевод сделал огромные шаги со времён своего рождения. Сейчас он доступен каждому, притом многие системы машинного перевода доступны совершенно бесплатно. С каждым днём системы машинного перевода совершенствуются и становятся всё ближе и ближе к тому далёкому идеалу, о котором мечтали и мечтают программисты, да впрочем и не только они.

Качество машинных переводов всё ещё далеко от идеала, но даже несмотря на невероятную сложность процесса некоторые системы машинного перевода выполняют перевод небольших лёгких текстов почти без помарок, а это уже кое-что, ведь каких-то двадцать лет назад о таком могли только мечтать, а это означает, что машинный перевод на данный момент достиг уже довольно многого.

Нельзя проигнорировать и стремительно развивающуюся область автоматизированного перевода, так как именно они помогают сделать переводчику больше работы в меньшие сроки, а некоторые программы автоматизированного перевода тесно соприкасаются с системами машинного перевода, например делая сравнительные анализы и контекстуальные правки. Таким образом простое пользование программами автоматизированного перевода помогает системам машинного перевода самообучаться.

Всё это в своей совокупности многим упростило жизнь как и обычным людям, так и людям, работающим в сфере лингвистики и переводческой сфере. Благодаря заинтересованности общественности, некоторых физических и юридических лиц в системах автоматического и автоматизированного перевода финансирование проектов в этой области не падает, как это происходило со многими проектами в начале истории машинного перевода.

Кто знает, что мы увидим через каких-то десять лет, обернутся ли они огромным скачком или же наоборот, маленькими шажочками, но уверенность есть в одном - машинный перевод это востребованная сфера и исследования в этой сфере не прекратятся ещё долгое время.

Литературы

1. Васкевич Д. Стратегии клиент/сервер. - К:"Диалектика", 2003
2. Дейт К. Введение в системы баз данных. - К:"Диалектика", 199
3. Н.А. Гайдамакин «Автоматизированные информационные системы, базы и банки данных», М.: «Гелиос», 2002.

БІЛІМДІ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ СЕНІМДІ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН БІР ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚА ТУРАЛЫ

Б.Мүсілімов – ф.- м.ғ.к., профессор, Мусабекова З. - магистр

Арал Ф.- студент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Zauremusabekova1979@mail.ru

Мақалада қашықтықтан оқыту және білім беру жағдайында білім берудің сапасын сақтай отырып оқытудың кейбір идеяларын және математиканы сапалы оқып-үйренудің бір тиімді тәсілі ұсынылған. Мұндағы басты идея - студенттердің білімін және біліктілігін сенімді бекітудің бір әдістемелік шешімі туралы болмақшы. Бұл идеяны шығармашылық тұрғыда жан-жақты ойластыра отырып, математика пәнінен басқа (әсіресе, жаратылыстану, технологиялық, инженерлік-техникалық, экономикалық) пәндер бойынша да оны тиімді пайдалануға болады деп ойлаймыз.

Барлық дүниені дүрліктірген қауіпті індет (коронавирус инфекциясы) адам өмірінің барлық салаларын сарсаңға салып тастады. Соған байланысты білім беру саласы да өз жұмысын қалыптасқан ахуалға сай жаңаша жұмыс істеуге, жұмыстың жаңа форматына көшуге, жаңа кедергілермен күресуді бастады. Яғни, елімізде коронавирус індетіне байланысты жарияланған төтенше жағдайға орай, жоғары оқу орындары да қашықтықтан оқыту жүйесіне жаппай көшті.

Қашықтықтан оқытудың техникалық, ақпараттық және программалық қамтамасыздандыруынан басқа, сәйкес пәндер бойынша олардың бағдарламаларына сай оқулық контенттердің толық болуы және әдістемелік тұрғыда оларды тиімді жолдармен ұсынудың да маңызы зор. Өйткені, білім берудің негізгі талабы - білім сапасы болғандықтан, оқытуды және оқып-үйренуді қандай форматта және қандай формада жүргізімізге қарамастан оқыту және білім беру сапасын жоғалтпауға бар мүмкіндіктерді салуымыз керек болады. Соған байланысты келешекте мына төмендегі жағдайларды ескерген жөн болар еді деп ойлаймыз.

Біріншіден, біздіңше қашықтықтан оқыту жағдайында да оқыту кестесін күндізгі формадағы түрінде сақтағанымыз жөн болатын сияқты. Сонда студенттердің шаршамай, абыржымай келесі сабақтарға асықпай-саспай дайындалуларына, өзіндік жұмыстарды орындауларына толық мүмкіндіктері бар болар еді.

Екіншіден, емтихандарды сәйкес қысқы және жазғы сессиялар кезінде тапсыруға болады. Яғни, психологиялық тұрғыда ЖОО-да қалыптасқан дәстүрлі оқу үрдісі негізінен сақталады, көпшілік студенттер арасында мазасыздану, абыржу орын алмайды.

Үшіншіден, осы қалыптаса бастаған жаңа білім алу жағдайында, яғни, қашықтықтан оқытуда сапасыз білім алуға жол бермеудің сәйкес әдістерін және тәсілдерін енгізе бастау керек болады.

Біз жоғарыда атағанымыздай осы мақалада қашықтықтан оқыту және білім беру жағдайында білім берудің сапасын сақтай отырып, оқытудың кейбір идеяларын және математиканы сапалы оқып-үйренудің бір тиімді тәсілін ұсынбақшымыз.

Мысалы, теориялық және практикалық математиканың көптеген облыстарында қарапайым, бірақ кеңінен тараған тізбектей жуықтау әдісі қолданылады. Оның теориялық негіздеуі метрикалық кеңістік ұғымымен тікелей байланысты. Функционалдық анализ курсына метрикалық кеңістік ұғымын енгізу және осы ұғымның (түсініктің) қолданбалық принципін көрсету мақсатында қыса бейнелеу қағидасы ұғымы [1: 74], [2: 380] және оны пайдалануға мысал ретінде мына төмендегі типтес есептерді шығару қарастырылады (ұсынылады).

$f(x) = 0$ тендеуін қарастырайық. Мысалы, осы тендеуді есептеу математикасының сандық әдістерінің бірі Ньютонның жанама әдісі көмегімен шығаруға болады. Ньютон әдісін функционалдық анализдегі банахтық кеңістіктерге қолданылатын жалпы конструкцияның дербес жағдайы деп те қарастыруға болады. Біз жоғарыда келтіріп отырған теорема идеясынан келіп шығатын басқаша бір әдісті осы тендеуді шығару барысында студенттердің білімін сенімді бекіту және оның сапасын жақсарту мақсатында қолдануды ұсынамыз. Бұл жағдайда

студент матанализ курсынан алған білімін пысықтайды, жаңғыртады, функционалдық анализден алған білімін қолданады, бекітеді, нәтижесінде оның жалпы математикалық білім деңгейі едеуір сапалы жақсара түседі.

Біз ұсынып отырған есепті саналы түрде түсініп шығару үшін студент алдымен математикалық анализден алған білімі негізінде мына жағдаяттарды анықтап алуы тиіс болады. Сол үшін студенттің алдымен болжамдайтыны мына жағдайлар болуы тиіс:

1. $f(x)$ функциясы дифференциалданады, және де $[a, b]$ кесіндісінде $f'(x) > 0, f(a) < 0, f(b) > 0$ ($f'(x) < 0, f(a) > 0, f(b) < 0$)

шарттары орын алады.

2. Сондықтан, $f(x)$ функциясы $[a, b]$ - да өспелі (кемімелі) және онда $f(x) = 0$ теңдеуінің жалғыз шешімі x^* орналасқан болады.

3. $f'(x)$ функциясын $[a, b]$ - да максимумге (M) және минимумге (m) зерттейміз және барлық $x \in [a, b]$ үшін $0 < m \leq f'(x) \leq M$ бағалауын аламыз.

4. $\lambda \neq 0$ – кез келген сан болсын. Онда

$$f(x) = 0 \Leftrightarrow x - \lambda f(x) = x \Leftrightarrow F(x) = x$$

екендігін аламыз, мұндағы $F(x) = x - \lambda f(x)$.

5. Сондықтан, егер біз $F(x)$ функциясы $[a, b]$ кесіндісін өзін өзіне бейнелейтіндей етіп λ санын таңдай алсақ, және де $F'(x) \in [0, q], q < 1$, болса, онда біз x^* шешімін (жоғарыдағы келтірген теорема негізінде) тізбектей жуықтау әдісінің көмегімен ала алатын боламыз.

6. $\lambda = \frac{1}{M}$ деп алайық. Онда $f(a) < 0, f(b) > 0$ теңсіздіктерінен келіп $a < F(a) = a - \lambda f(a) < a + \lambda f(b) - \lambda f(a)$ екендігі шығады.

7. Әріқарата, орта мән туралы Лагранж теоремасына

$$(f(x_2) - f(x_1)) = f'(\xi)(x_2 - x_1), \quad \xi \in [x_1, x_2], \quad \frac{b - a}{f(b) - f(a)} = (f'(\xi))^{-1} \leq M^{-1} = \lambda \quad \text{екендігін}$$

аламыз.

8. Сондықтан, $F(a) < a + \lambda(f(b) - f(a)) \leq b$.

9. Тура осылайша $F(b) \in [a, b]$ екендігін аламыз.

10. Екінші жағынан, барлық $x \in [a, b]$ үшін

$$F'(x) = 1 - \lambda f'(x) \in [0, q], \quad q = 1 - \lambda m = 1 - \frac{m}{M} \quad (3)$$

екендігін аламыз.

11. Мысалы, $F'(x) \geq 0$ және $F(x)$ функциясы $[a, b]$ - да өспелі.

12. Сонымен, кез келген $x \in [a, b]$ үшін $a \leq F(a) \leq F(x) \leq F(b) \leq b$ екендігін аламыз, яғни, $F(x)$ функциясы $[a, b]$ кесіндісін өзіне бейнелейді.

13. Сонымен қатар, $F'(x)$ туындысының (3) бағалауына сәйкес бұл $[a, b]$ кесіндісінің бейнеленуі қысу коэффициенті q - ға тең қыса бейнелеу болады.

14. Келесі, (2) бағалауын пайдалана отырып, алдын ала көрсетілген қажетті дәлдікке жетуге мүмкіндік беретін тізбектей жуықтау санының нақты бағалауын алуға болады.

Енді, осы осы айтылған тұжырымдауларды және идеяларды студенттен нақты есепті шешуде мына төмендегі көрсетілген үлгіде пайдалану және нақты есептеулерді жүргізу (орындау) талап етілетін болады.

Есептің қойылуы. $f(x) = xe^x - 5 = 0$ теңдеуінің $[a, b] = [1, 2]$ кесіндісіндегі жалғыз шешімін $\varepsilon = 0,001$ дәлдігімен жуықтап табыңыз.

Шешу алгоритмі:

1-қадам. Бірінші кезекте есептің шешімінің бар және жалғыз ғана болатындығын негіздейміз, анықтаймыз. Сол үшін студент жоғарыда келтірген математикалық анализден

білетінін пайдаланады. Ұмытып қалған жағдайда оны еске түсіруге (қажетті жағдайда қайталауы, пысықтауы) тиіс болады.

2- қадам. Шындығында да, мынаны аламыз: $f(1) = e - 5 < 0$, $f(2) = 2e^2 - 5 > 0$.

3- қадам. $f(x)$ функциясы үзіліссіз болғандықтан, орта мән туралы Коши теоремасы бойынша $f(x)$ функциясы кейбір $x^* \in [a, b] = [1, 2]$ нүктесінде нөлге айналады.

4- қадам. Келесі, $[1, 2]$ кесіндісінде бірінші ретті туындының $f(x) = (x + 1)e^x > 0$ екендігін анықтаймыз.

5- қадам. Сондықтан, $f(x)$ функциясы $[1, 2]$ кесіндісінде өспелі.

6- қадам. Және $f(x)$ - тің x^* - дан сол жаққа қарата жатқан нүктелеріндегі мәндері теріс таңбалы, ал оң жаққа қарата жатқан нүктелердегі мәндері оң таңбалы болатындығын көреміз.

7- қадам. Олай болса, теңдеудің жалғыз ғана x^* шешімі бар болады.

8- қадам. Енді функционалдық анализ пәні бойынша білетінімізді пайдалануға көшеміз.

9- қадам. Есепті шешудің идеясы мынадан тұрады: кез келген $\lambda \neq 0$ саны үшін $f(x) = 0$ теңдеуі $x = x - \lambda f(x)$ теңдеуіне барабар (яғни, екеуін де бірдей теңдеулер деп қарастыруымызға болады).

10- қадам. λ санын $F(x) = x - \lambda f(x)$ функциясы $[1, 2]$ кесіндісін $[1, 2]$ кесіндісінің өзіне бейнелейтіндей және $[1, 2]$ кесіндісінде қыса бейнелеуді беретіндей етіп таңдаймыз (яғни, кез келген $x \in [1, 2]$ үшін $1 \leq F(x) \leq 2$).

11- қадам. Онда жоғарыдағы келтірген теорема бойынша $x = F(x)$ теңдеуінің $[1, 2]$ кесіндісінде жалғыз ғана шешімі бар болады, ол x^* - ға сәйкес келеді (яғни, x^* -мен бірдей болады).

12- қадам. λ саны ретінде $\lambda = M^{-1}$ - ді алуға болады, мұндағы $M - [1, 2]$ кесіндісіндегі $f'(x)$ туындысының максимумы.

13- қадам. Және де қысу коэффициенті q - ды жоғарыда көрсетілгендей $q = 1 - \lambda m = 1 - \frac{m}{M}$ формуласы бойынша есептеуге болады, мұндағы $m - [1, 2]$ кесіндісіндегі $f'(x)$ туындысының минимумы.

14- қадам. m және M мәндерін есептеу үшін $[1, 2]$ кесіндісіндегі функцияның екінші ретті туындысын (тағы да матанализге жүгінеміз) есептейміз: $f''(x) = (x + 2)e^x > 0$

15- қадам. Сондықтан, $f'(x) = (x + 1)e^x$ функциясы (туындысы) $[1, 2]$ - де өспелі және $f'(x) \geq f'(1) = 2e = m$, $f'(x) \leq f'(2) = 3e^2 = M$.

16- қадам. Бұдан $\lambda = \frac{1}{M} = \frac{1}{3e^2} \approx 0,045$, $q = 1 - \lambda m = 1 - \frac{2e}{3e^2} \approx 0,755$ болады.

17- қадам. Сонымен, $F(x) = x - \lambda f(x) = x - 0,045xe^x + 0,255$ функциясы $[1, 2]$ кесіндісінің өзін өзіне қыса бейнелеуін қысу коэффициенті $q = 0,755$ бойынша беріп тұр.

18- қадам. Сондықтан, жоғарыдағы теорема бойынша кез келген бастапқы $x_0 \in [1, 2]$ жуықтауы үшін $x_{i+1} = F(x_i)$, $i = 0, 1, 2, \dots$, итерациялық тізбегі қозғалмайтын жалғыз x^* нүктесіне жинақталады.

19- қадам. Бастапқы жуықтау x_0 ретінде кесіндінің ортасын аламыз: $x_0 = \frac{a+b}{2} = \frac{1+2}{2} = 1,5$.

20- қадам. Онда, $F(x_0)$ $[1, 2]$ кесіндісінде жататындықтан, $|x_0 - F(x_0)| \leq \frac{b-a}{2} = 0,5$ бағалауы орын алады.

21- қадам. Жоғарыдағы теоремада келтірілген (2) бағалауы арқасында кез келген $n = 1, 2, \dots$ үшін $|x_n - x^*| \leq \frac{q^n}{1-q} |x_0 - F(x_0)| \leq \frac{q^n(b-a)}{2(1-q)}$ екендігін аламыз.

22 - қадам. Бізге енді итерациялар саны n - ді $|x_n - x^*| < \varepsilon = 0,001$ орын алатындай етіп таңдауымыз керек болады.

23 - қадам. n санын анықтау үшін мына шартты аламыз: $\frac{q^n(b-a)}{2(1-q)} < \varepsilon \leftrightarrow n > \frac{\ln(\frac{b-a}{2\varepsilon(1-q)})}{-\ln q} = \frac{\ln(\frac{1}{2 \cdot 0,001 \cdot 0,245})}{-\ln 0,755}$.

24 - қадам. Бұдан, тікелей есептеу нәтижесінде $n = 28$ екендігін аламыз.

25 - қадам. Сонымен, $x_0 = 1,5$; $x_{i+1} = x_i - 0,045x_i e^{x_i} + 0,255$, $i = 0, 1, 2, 3, \dots, 27$, итерациясы $0,001$ дәлдігімен $xe^x - 5 = 0$ теңдеуінің x^* шешіміне тең болатын x_{28} жуықтауын береді, яғни, итерациялық тізбектің x_{28} мүшесі берілген теңдеудің шешімін $\varepsilon = 0,001$ дәлдігімен беріп тұр.

26 - қадам. Бұл итерацияны кез келген программалау тілдерінің бірінің немесе қазіргі заманғы қолданбалы математикалық программалардың бірінің көмегімен оңай іске асыруға болады.

Бұл есепті шығарудағы негізгі әдістемелік жаңалық (тиімді әдістемелік шешім), ол - алгоритмдік принципті және аргументациялап (негіздей отырып) оқып-үйрену әдісін үйлестіре пайдалану тәсілін қолданғанды байқауға болады. Әрине, бұл әдістемелік тәсілді тікелей сабақ үстінде жазбаша пайдалану уақытты көп алады, сондықтан оны сабақ үстінде ауызша пайдаланған тиімді болады. Ал жалпы математика курсы бойынша үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарды өз бетінше орындауда ұсынылып отырған әдістемелік тәсіл негізгі әдістемелік құралға айналуы тиіс. Сондықтан оны жүйелі түрде пайдаланған жағдайда ғана математиканы оқып-үйрену тиімділігі де, нәтижесі де, сапасы да сенімді жоғары болады. Бұл ұсынылып отырған әдістемелік тәсіл (шешім) қатып қалған стандарт емес, оны толықтыруға немесе студент (оқушы) үшін тиімді болады-ау деген әдістемелік идеяларды қосымша енгізуге болады. Ең бастысы теориялық білімді сапалы оқып-үйренуге және меңгеруге, білімді және біліктілікті сенімді бекітуге бағытталған іс-әрекеттер болса болғаны.

Әдебиеттер

1. Колмогоров А.Н., Фомин С.В. Элементы теории функций и функционального анализа. - М.: 1975.
2. Треногин В. А. Функциональный анализ. - М.: 2002.
3. Треногин В.А., Писаревский Б.С., Соболева Т.С. Функциональный анализ. 1,2 т. - М.: 2013.
4. Мүсілімов Б. Матрица және оператор. – Тараз, 2017.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫ ҚОЛДАНБАЛЫҒЫ ПРИНЦИПІН ТИІМДІ ОҚЫП-ҮЙРЕНУДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАТЫН КЕЙБІР ТИПТІК ЕСЕПТЕР

Б.Мүсілімов – ф.- м.ғ.к., профессор, Мусабекова З. – магистр,
Әбілхасым Ж. – студент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Zauremusabekova1979@mail.ru

Мақалада, жоғары математика, яғни классикалық және қолданбалы математика байланыстарын оқушылардың білімін сенімді бекітуде және терендетуде дәлелді және мазмұнды ету мақсатында жоғарғы сыныптарда сәйкес тақырыптарды өту кездерінде жоғары математика элементтері қатысқан есептерді жүйелі түрде қарастырып және шешіп отырудың кейбір тиімді әдістемелік мәселелері, үлгілері қарастырылған.

Қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай математика пәні мұғалімі математиканы оқытудың сапасын жақсартудың негізгі технологияларын және жаңа әдіс-тәсілдерін [1: 59] білуі және тиімді қолдана алуымен қатар, жаңа ізденістермен де айналысуы керек болады деп ойлаймыз. Жаңаша және жаңартылған мазмұнда білім беру және оқыту талаптарына сәйкес пән мұғалімдері білім беру шеберліктерін әрқашан жаңартып, жетілдіріп, жандандырып отырулары қажет, мейлінше тезірек қатып қалған стандарттардан арылулары тиіс.

Өйткені, бүгінгі күнгі білім беру талабына сай жаңа үлгідегі инновациялық педагогикалық ғылым ерекшеліктерінің бірі – ол оқушылардың жеке өз бетінше білім алуын қолдай және бүгінгі күнгі білім деңгейін ескере отырып, жаңа білім алуына және оны дамытуға бағытталған жаңа оқыту технологияларын ұсыну болып табылады. Оқушыларға жаңа ғасырда кәсіби, әлеуметтік және жеке табысқа жету үшін қажетті дағдыларды дамыту мүмкіндігін беретін жаңа білім бағдарламаларын және тәсілдемелерін ұсынумен қатар, жаңаша, бүгінгі заман талабына сай келешек мамандықты таңдай алу мүмкіндігін де беру керек болады. Мұндай қасиетті оқушы бойында тиімді қалыптастыру, оның өз оқулық қызметіне сыни тұрғыда қарай алуына және сыни тұрғыда логикалық ойлауын дұрыс қалыптастыру және дамыта, тиімді шешім қабылдай білуіне көп байланысты болмақшы.

Оқушыларға берілетін білім мазмұнын қайта қарастыру маңыздылығы әлемнің жетекші елдерінің қатысуымен өтіп жүрген халықаралық деңгейде танылған алаңдарда да қарастырылып [3: 8] және талқыланып жүрген мәселе. Қазіргі кезеңдегі ұсынылып жатқан жаңа бағдарламалар пән мұғаліміне пәнаралық кіріктіруді іс жүзінде іске асыруға мүмкіндік беретіндей болуы тиіс, әсіресе, математика, физика, механика, информатика және жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша. Өйткені, бүгінгі заман талабына сай инженерлік және техникалық бағыттар бойынша кәсіби деңгейі жоғары мамандар дайындау мәселесі біздің елде өте өткір өзекті мәселеге айналып отыр. Осы мәселені оң ешудің тиімді жолдарының бірі - классикалық және қолданбалы математика байланыстарын оқушылардың білімін сенімді бекітуде және тереңдетуде дәлелді және мазмұнды ету мақсатында жоғарғы сыныптарда сәйкес тақырыптарды өту кездерінде қосымша мына көрсетілген типті (тұрғыдағы) есептерді жүйелі түрде қарастырып және шешіп отырған жөн болар еді деп ойлаймыз.

Есептер:

1. Катер сағат 15:00-де жолға шықты, ағысқа қарсы 7км жүзді және екі сағатқа кідірді. Содан кейін ағыс бойымен 27км жүзіп, сағат 19:00-де көздеген жеріне жетті. Егер ағыс жылдамдығы $2 \frac{км}{сағ}$ болса, катердің меншікті жылдамдығын табыңыз.

2. Таудың жоғарғы жағы жазықтықтағы А нүктесінен 38° бұрышта көрінеді, ал тауға 200м қашықтықта жақындағанда, 42° бұрышта көрінеді. Таудың биіктігін табыңыз.

3. Болат скобаның (темір бекіткіштің) 0° температурадағы ұзындығы 200 мм, ал 20° температурадағысы - 200,044 мм-ге тең болады. Ұзындықтың абсолютті және салыстырмалы қателіктерін анықтаңыз.

4. 10 – тонналық «Камаз» жүк көлігі әрқайсысының массасы m кг ($340 \leq m \leq 350$) болатын 30 бетон плитаны бір рейспен алып кете алады ма, егер оған 700 кг –нан артық салмақ арттыруға болмайтын болса.

5. Электровоз арақашықтығы $S = 780 \pm 2$ км-ге тең болатын екі теміржол стансасы арасын $t = 9 \pm 0,5$ сағ аралығында жүріп өтеді. Электровоздың осы берілген теміржол учаскесіндегі орташа жылдамдығының шекарасын анықтаңыз.

6. Электр плиткасы 220 ± 10 в кернеуге есептелінген. Электр плиткасы спиралінің кедергісін табыңыз, егер ол арқылы $5 \pm 0,1$ а ток өтетіндігі белгілі болса.

7. Екі қаланың әуе трассасы бойынша арақашықтығы S км-ге тең. Ұшақ оны t сағ -та ұшып өтеді. Егер сәйке $4950 \leq S \leq 5050$; $5,9 \leq t \leq 6,1$ болса, онда ұшақтың орташа жылдамдығының шекарасын анықтаңыз.

8. Материалдық нүкте $s(t) = \frac{1}{9}t^3 + 2t^2$ (s және t сәйкес метр және секундымен өлшенетіндер) заңы бойынша түзу сызық бойымен қозғалады. Нүктенің үдеуі нөлге тең болатын t моментін (мезетін) және осы моменттегі (мезеттегі) нүкте қозғалысының жылдамдығын табыңыз.

9. Дененің температурасы T уақыт t -ға тәуелділікте $T = 0,5t^2 - t - t$ заңы бойынша өзгереді. Осы дене $t = 3$ моментінде қандай жылдамдықпен қызатын болады? (Температура және уақыт сәйкесінше Цельсия градусымен және секундымен өлшенеді)

10. $y = \ln(3 - 2x^2)$ функциясы графигіне оның x осімен қиылысу нүктесінде жүргізілетін жанама теңдеуін құрыңыз.

11. $y = \frac{1}{3}x^3 - \frac{1}{2}x^2 - 6x + 5$ функциясын монотондылыққа және экстремумге зерттеңіз.

12. $y = x^3 - 3x^2 + 2$ функциясын зерттеңіз және оның графигін салыңыз.

13. Көлемі 1 литрлік (1 кг) болатын сосуд (құмыра, ыдыс) жасауға ең аз материал жұмсалатын нұсқасын (яғни размерін) табыңыз.

14. Үстелдің шеткі жағында жатқан заттың жарықты жаққанда көрінуі ең жақсы болуы үшін радиусы r дөңгелек үстелдің центрінен қандай h биіктікте лампаны іліп қою керек болады?

15. Өзен жайылым бойымен $y = x - 2x^2$ түріндегі қисық бойынша ағып өтеді. ОХ осі осы жерден өтетін тас жол сызбасы болсын. Тас жол мен өзен арасындағы жайылымның неше гектар аумақ болатындығын анықтаңыздар (Өлшем бірлігі - 1 км).

16. Әртүрлі V_1, V_2, V_3 көлемдеріндегі үш газ бір-бірімен араластырылды, олардың сәйкес тығыздықтары $\gamma_1, \gamma_2, \gamma_3$ - ке тең. Осы араластырылған газдың тығыздығын табу керек болады, егер оның көлемі тең болса $V = V_1 + V_2 + V_3$. т.с.с.

Осы типтес есептерді оқушылардың жеке өз бетінше саналы түсініп шығаруы үшін мына біз ұсынып отырған әдістемелік үлгіні (математиканы өз бетінше сенімді оқып-үйренудің тиімді әдістемелік тәсілі және математиканың қолданбалылығын саналы меңгеру құралы ретінде) пайдалануды ұсынамыз.

Есеп 1. Материалдық нүкте $s(t) = \frac{1}{9}t^3 + 2t^2$ (s және t сәйкес метр және g секундымен өлшенетіндер) заңы бойынша түзу сызық бойымен қозғалады. Нүктенің үдеуі нөлге тең болатын t моментін және осы моменттегі нүкте қозғалысының жылдамдығын табыңыз.

Осы есепті шығару алгоритмін жазудың үлгісі.

1-қадам. Бұл есепті шығаруда алдымен туынды ұғымын еске түсіреміз және туындының физикалық (механикалық) мағынасына сүйенеміз.

Мысалы, $f'(x_0) = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta f(x_0)}{\Delta x}$ туындысы $f(x)$ функциясының x_0 нүктесіндегі өзгеруінің жылдамдығын білдіреді. Осы жағдай туындының механикалық мағынасын да көрсетіп тұр.

2-қадам. Соған сәйкес, нүкте қозғалысының кез келген t моментіндегі (сәтіндегі, мезетіндегі) жылдамдығын анықтау үшін $v = S'(t)$ формуласын пайдаланатын боламыз.

3-қадам. Функция туындысын табу ережесі негізінде есептеу жүргіземіз:

$$v = S'(t) = S'_t = -\frac{1}{9}(t^3 + 2t^2)' = \left(-\frac{1}{9}t^3\right)' + (2t^2)' = -\frac{3}{9}t^2 + 2 \cdot 2t = -\frac{1}{3}t^2 + 4t$$

4-қадам. Енді нүкте қозғалысының кез келген t моментіндегі үдеуін анықтау үшін $a = v'(t)$ формуласын (тағы да туындыны пайдаланамыз деген сөз) пайдаланатын боламыз.

5-қадам. Туындыны есептейміз:

$$a = V'(t) = V'_t = \left(-\frac{1}{3}t^2 + 4t\right)' = -\frac{2}{3}t + 4$$

6-қадам. Енді, есеп шартына сәйкес үдеу нөлге тең болғандағы t моментінің мәнін табуға мүмкіндік бар.

7-қадам. Яғни, $a = 0$ немесе $-\frac{2}{3}t + 4 = 0$ теңдеуінен t - ның мәнін табамыз:

$$-\frac{2}{3}t = -4 \rightarrow t = \frac{3 \cdot 4}{2} = 6 \text{ с.}$$

8-қадам. Бірінші жауапты таптық: $t = 6$ с.

9-қадам. Енді екінші жауапты табуға көшеміз.

10-қадам. Қозғалыстың $t = 6$ моментіндегі (сәтіндегі) жылдамдығын анықтау үшін

$$V(t) = -\frac{1}{3}t^2 + 4t$$

формуласын пайдаланамыз:

11-қадам. Яғни, $V(6) = -\frac{1}{3}6^2 + 4 \cdot 6 = 12$ м/с. Екінші жауап табылды.

12-қадам. Сонымен, есептің жауабы былайша тұжырымдалады: алтыншы секунд соңына дене қозғалысының үдеуі $a = 0$, ал қозғалыс жылдамдығы $V = 12$ м/с.–ге тең болады.

Бұл есепте математиканың физика пәнімен байланысын көріп отырмыз.

2- мысал. Дененің температурасы T уақыт t -ға тәуелділікте $T = 0,5t^2 - t$ заңы бойынша өзгереді. Осы дене $t = 3$ моментінде қандай жылдамдықпен қызатын болады? (Температура және уақыт әйкесінше Цельсия градусымен және секундымен өлшенеді)

Бұл есепті шығару алгоритмі де жоғарыдағы алгоритмге ұқсас болады.

1-қадам. Есеп шартына сәйкес $T = 0,5t^2 - t$ функциясы t уақытына тәуелді дене температурасының өзгеру процесін сипаттайды, яғни, T - уақыт t бойынша алынған функция деген сөз.

2 –қадам. Функция туындысы ұғымының мағынасын еске түсіреміз, яғни функция туындысының физикалық мағынасына жүгінеміз.

3-қадам. Яғни, кез келген t моментіндегі дене қыздырылуының жылдамдығы T функциясының t бойынша туындысы арқылы анықталады.

4-қадам. Сонымен, $T' = (0,5t^2 - t)' = 0,5 \cdot 2t - 1 = t - 1$.

5-қадам. Енді, $t = 3$ моментіндегі дене қыздырылуының жылдамдығын анықтауға көшеміз.

6-қадам. Яғни, $T'(t) = t - 1 \rightarrow T'(3) = 3 - 1 = 2$.

7-қадам. Сонымен, $t = 3$ с моментінде дене 2°C жылдамдықпен қыздырылады. Есеп жауабы: 2°C .

Бұл мысалдарды шығарудағы әдістемелік жаңалық (тиімді әдістемелік шешім) - ол алгоритмдік принцип және аргументациялап (негіздей отырып) оқып-үйрену әдістерін үйлестіре пайдалану тәсілін қолданғандығымыз болып табылады. Әрине, бұл әдістемелік тәсілді тікелей сабақ үстінде жазбаша пайдалану уақытты көп алады, сондықтан оны сабақ өту кезінде жүйелі түрде ауызша пайдаланған тиімді болады. Ал жалпы, математика (физика) курстары бойынша үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарды орындауда ұсынылып отырған әдістемелік тәсіл идеясы оқушының өз бетінше оқып-үйренуінің негізгі әдістемелік құралына айналса, тіпті жақсы болар еді. Бұл тәсілді математика (физика) сабақтарында және өз бетінше оқып-үйренуде жүйелі түрде пайдаланған жағдайда ғана математиканы оқып-үйрену тиімділігі де, нәтижесі де, білім сапасы да сенімді жоғары болады. Екінші жағынан, жоғарыдағы есеп шығару үлгісінен байқауға болады, оқушы оны өз бетінше жүйелі түрде пайдаланып отырған жағдайда ғана жауапты, тыңғылықты жұмыс істеуге, сыни тұрғыда ойлануға, өз бетінше ізденуге, шығармашылық жұмысқа және еңбекқорлыққа да дағдыланатын болады деп ойлаймыз. Оқушы келешек мамандығы туралы да сапалы тұрғыда ойлана бастайды.

Әдебиеттер

1. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: АСАДЕМА, 2007.
2. Буланова-Топоркова М.В., Духовнева А.В., Кукушкина В.С., Сучков Г.В. Педагогические технологии. –Р/на Дону, 2002.
3. Тренерге арналған нұсқаулық.- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.
4. Математика әлемі. Математикадан пәндік энциклопедия. – Алматы, 2011.
5. Кудрявцев В.А., Демидович Б.П. Краткий курс высшей математики. –М.:2015

ЖОҒАРЫ МАТЕМАТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Б.Мүсілімов – ф.- м.ғ.к., профессор, Мусабекова З. – магистр,

Дүйсеков Қ.– студент

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Zauremusabekova1979@mail.ru

Мақалада жоғары математика пәндері бойынша нақты жаттығуларды орындауда және есептер шығаруда пайдалануға болатын тиімді әдістемелік тәсіл (идея) ұсынылған. Бұл әдістемелік тәсіл саналы және жүйелі пайдаланған жағдайда педагогикалық оқу орындары студенттері бойында математикалық зерттеушілік ғылым бастамасын және негізін қалауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Педагогикалық оқу орындарында студенттердің жалпы математикалық білім деңгейлерін жақсартуда және тереңдетуде, олардың ғылыммен айналысуға деген ынталарын қолдауда жоғары математика пәндері элементтерін сапалы оқытудың рөлі және мәні ерекше деп есептейміз. Сонымен қатар, ол пәндер педагогикалық оқу орындары студенттері бойында математикалық ғылым бастамасын және негізін қалауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Өйткені, соңғы курсқа дейінгі оқытылған жоғарғы математика курстары (сызықты алгебра, аналитикалық геометрия, математикалық анализ, дифференциалдық теңдеулер, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика және т.б. пәндер) студенттер жағынан міндетті пәндер ретінде қабылданып келді, оларды оқытуда шығармашылық және ғылыми мәселелерге онша назар аударылмады. Ал осы пәндердің ішінде функционалдық анализ пәні жоғарыдағы аталған пәндерді біріктіруші курс болғандықтан болар, оны оқытудың бірінші күнінен (бірінші лекциядан) бастап математикалық ғылым мәселелері алға шыға бастады.

Математикалық анализ қазіргі кезде барлық деңгейде (мектепте де, арнаулы орта оқу орындарында да, колледждерде де, жоғары оқу орнындарында да) оқытылады. Математикалық анализ курсының негізгі объектісі нақты сандар жиынында анықталған функциялар екенін білеміз. Сондықтан математикалық анализ жалпы айнымалы шамалар математикасының фундаменти болып қала береді. Ал функционалдық анализдың құрылу принциптері математикалық анализдің тәжірибесіне негізделген.

Функционалдық анализ математика ғылымының ең бір жас бағыттарының бірі болып табылады. Ол ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында пайда бола бастады. Ол бағыттағы алғашқы ғылыми жұмыстар атақты неміс ғалымы Д.Гильберт, поляк ғалымы С.Банах, венгер ғалымы Ф.Рисс, француз ғалымы М.Фреше еңбектерінде көріне бастаған болатын. Сол ХХ ғасырдың 20- 30 жылдары функционалдық анализ жеке ғылым бағыты ретінде мойындалды. Бұл С.Банахтың “*Theorie de operations lineaires*” деген кітабының жарыққа шығуынан (Warszawa, 1932) басталды.

Функционалды анализдің бастамасы метриканың қосымша структурасымен функциялар жинағын сызықтық кеңістіктер ретінде қарастыру идеясынан, яғни векторлар арасындағы арақашықтықты пайдаланудан басталады. Сондықтан,

метриканының бастауы ретінде скалярлық көбейтінді қарастырылған. Содан Гильберттік кеңістік ұғымы пайда болады, содан кейін барып функционалдық анализдың жалпылама түсініктері, ұғымдары кеңістікпен байланыстырылған.

Бұл жағдай осы кезге дейін шектеулі жағдайларда ғана (сызықтық алгебрада, математикалық анализде, дифференциалдық тендеулерде және т.с.с.) орын алып келген кейбір теоремалар, тұжырымдалулар және дәлелдеулерді шексіз функционалдық кеңістіктер жағдайында да көрсетуге мүмкіндік берді. Мұның маңыздылығы сызықтық алгебралық және геометриялық индукцияны анализ, дифференциалдық тендеулер, сандық әдістер және тағы да басқа математика бағыттарында пайдалануға алып келді. Оларды оқып-үйрену функционалдық анализдің бастапқы негізгі объектілерін қарастырудан басталады. Олар метрикалық, сызықтық және сызықтық нормаланған кеңістіктер. Осы бір қарағандағы абстрактілі ұғымдар жаратылыстану ғылымдары есептерін тізбектей жуықтау әдістері (сандық әдістер) көмегімен шешуге мүмкіндік береді. Функционалды анализде кеңістік ұғымы (жиын ұғымымен де тікелей байланысты), оның өлшемі шексіз болатын жағдайды қамту арқылы жалпыланады. Шексіз өлшемді кеңістіктегі жиындарда анықталған функция ұғымы да мұнда анықталған.

Мысалы, функционалдық анализ пәні бойынша қойылған есепті шығарудың алдында оны шығаруға тікелей қажетті негізгі ұғымдар, анықтамалар, формулаларды және ережелерді еске түсіру, негізгілерін жүйелі түрде оқтын-оқтын жаздыртып отыру, жоғарыдағы атаған стандартты жоғары математика курстарында өткен теориялық материалдарды қайталауға, сенімді бекітуге және меңгеруге мүмкіндік береді. Әрине, бұл тәсілді тікелей сабақ үстінде үнемі пайдалану уақытты көп алатын болғандықтан мүмкін бола бермейді, сондықтан оны негізінен үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарды орындауда жүйелі пайдаланған жақсы нәтиже беретіндігі сөзсіз.

Жоғары математика пәндері бойынша нақты жаттығуларды орындауда және есептер шығаруда ұсынылып отырған тәсілді қолдануды мына ретпен (мына алгоритм негізінде) пайдаланған жөн болар еді деп ойлаймыз:

- студент берілген есептің мазмұнын жақсылап мұқият оқып шығады, мәселенің байыбына жетеді;

- студенттің өзі ұсынылған нақты есепті шығара алуы үшін оған бұрынғы, алдыңғы пәндер және тақырыптар бойынша қандай ұғымдарды, анықтамаларды, теоремаларды, формулаларды және ережелерді білуі тиіс екендігін анықтайды, сол үшін алдымен олардың тек тізімін құрады;

-енді осы есепті шығара бастауда және тікелей есептеулер жүргізуде қажет болатын негізгі бірінші кезектегі ережелерді, анықтамаларды және формулаларды ретімен келтіреді (айтып еске түсіреді немесе қажет деп тапса, оларды қысқаша жазып шығады);

- есептеу алгоритмін жаза бастайды және алгоритмнің (есептеудің) әр қадамын аргументациялап (негіздеп түсіндіріп) отырады; мысалы, ол үшін арнаулы таблицаны (кестені) пайдалануға да болады [7:84]. Яғни, жоспарға сәйкес алгоритмдік және аргументациялау әдістерін үйлестіре пайдалану тәсілі негізінде есепті шығару таблицасы жолдарын және бағандарын толтырады. Таблицалық

форманы ауызша тексерулер, талдаулар және қайталаулар жүргізуде пайдалану әдістемелік тұрғыда өте ыңғайлы болып келеді.

Енді, біздің келтіріп отырған әдістемелік ұсынымызға сәйкес нақты есепті шығарудың бір үлгісін келтірейік.

$$\text{Есеп. } x(t) - \int_0^1 (t + s - 2ts)x(s)ds = 20t^3 + 3t - 4$$

түріндегі нұқсанды ядролы екінші текті Фредгольм интегралдық теңдеуін зерттеу және шешімін табу керек болсын.

Шешуі. Біздің жоғарыдағы ұсынып отырған әдістемелік тәсілге (идеяға) сәйкес зерттеуді мына алгоритм бойынша жүргіземіз.

1-қадам. Алдымен екінші текті Фредгольм интегралдық теңдеуін еске түсіреміз, оны жаза аламыз:

$$x(t) - \int_a^b k(t, s)x(s)ds = y(t)$$

мұндағы $k(t, s)$ және $y(t)$ берілген функциялар, ал $x(t)$ - белгісіз функция. Яғни, студент бастапқы мәселені түсініп, оны орындауға кірісті деп есептейміз.

2-қадам. Нұқсанды ядро анықтамасын еске түсіреміз, оны жазамыз:

$$k(t, s) = \sum_{i=1}^n f_i(t)g_i(s)$$

3-қадам. Енді мына түрдегі нұқсанды ядролы екінші текті Фредгольм интегралдық теңдеуін жазып аламыз:

$$x(t) - \int_a^b \left(\sum_{i=1}^n f_i(t)g_i(s) \right) x(s)ds = y(t)$$

4-қадам. Біздің жағдайда мұндағылар мыналарға тең болады:

$$n=2, f_1(t) = t, f_2(t) = 1 - 2t, g_1(s) = 1, g_2(s) = s, y(t) = 20t^3 + 3t - 4.$$

5-қадам. $f_i(t)$ функцияларын s айнымалысы бойынша алынатын интеграл астынан шығара отырып, интегралдық теңдеуді

$$x(t) = y(t) + \alpha_1 f_1(t) + \alpha_2 f_2(t)$$

түрінде көшіріп жазамыз. Мұндағы

$$\alpha_j = \int_a^b g_j(s)x(s)ds, j = 1, 2.$$

6-қадам. Сонымен, α_1 және α_2 сандарын тапсақ, сол есептің шешімін алуға жеткілікті.

7-қадам. Сол үшін мына түрлендірулерді ($j = 1, 2$ үшін) жүргіземіз:

$$\alpha_j = \int_a^b g_j(s)x(s)ds = \int_a^b g_j(s)(y(s) + \alpha_1 f_1(s) + \alpha_2 f_2(s))ds$$

8-қадам. Сонымен, басқаша айтқанда, мына теңдеулер жүйесі орын алады:

$$\alpha_j = \sum_{i=1}^2 K_{ij}\alpha_i + b_j, j = 1, 2, ;$$

$$\text{мұндағы } K_{ij} = \int_a^b f_i(s)g_j(s)ds, b_j = \int_a^b y(s)g_j(s)ds, i, j = 1, 2.$$

9-қадам. Интегралдарды есептейміз:

$$K_{11} = \int_a^b f_1(s)g_1(s)ds = \int_0^1 s \cdot 1ds = 0,5 s^2 I_0^1 = 0,5.$$

$$K_{12} = \int_a^b f_1(s)g_2(s)ds = \int_0^1 s \cdot sds = \frac{s^3}{3} I_0^1 = 1/3.$$

$$K_{21} = \int_a^b f_2(s)g_1(s)ds = \int_0^1 (1 - 2s) \cdot 1 \cdot ds = (s - s^2) I_0^1 = 0.$$

$$K_{22} = \int_a^b f_2(s)g_2(s)ds = \int_0^1 (1 - 2s) \cdot sds = \left(0,5s^2 - \frac{2s^3}{3}\right) I_0^1 = 1/6.$$

$$b_1 = \int_a^b y(s)g_1(s)ds = \int_0^1 (20s^3 + 3s - 4)ds = (5s^4 + 1,5s^2 - 4s) I_0^1 = 2,5.$$

$$b_2 = \int_a^b y(s)g_2(s)ds = \int_0^1 (20s^3 + 3s - 4) \cdot sds = (4s^5 + s^3 - 2s^2) I_0^1 = 3.$$

10-қадам. Енді сызықтық теңдеулер жүйесін жазып шығамыз:

$$\alpha_1 = k_{11}\alpha_1 + k_{21}\alpha_2 + b_1 = 0,5\alpha_1 + 0 \cdot \alpha_2 + 2,5$$

$$\alpha_2 = k_{12}\alpha_1 + k_{22}\alpha_2 + b_2 = \frac{\alpha_1}{3} - \frac{\alpha_2}{6} + 3$$

11-қадам. Бұл жүйенің жалғыз ғана шешімі бар болады:

$$\alpha_1 = 5, \alpha_2 = 4.$$

12-қадам. Бұдан интегралдық теңдеудің шешімін аламыз:

$$x(t) = y(t) + \sum_{i=1}^2 \alpha_i f_i(t) = 20t^3 + 3t - 4 + 5t + 4(1 - 2t) = 20t^3$$

13-қадам. Сонымен, нұқсанды ядролы екінші текті Фредгольм интегралдық теңдеуінің шешімін алдық.

Мұндағы студент алдына қойылатын негізгі мақсат – осы жазылған алгоритмнің әр қадамын саналы түсініп отыруы, өз бетінше негіздей білуі қажет, онсыз оң нәтижеге жетуі қиын болады.

Бұл ұсынылып отырған оқыту тәсілі бір қарағанда белгілі, оқыту процесінде пайдаланылып жүрген сияқты болып көрінуі де мүмкін. Дегенмен, қойылып отырған мәселенің мазмұнына тереңірек үңілсек, ұсынылып отырған формаға назар аударсақ, байыбына барсақ, біздің әдістемелік ұсыныста кейбір «рационал дәннің» бар екендігін байқауға болады.

Мысалы, осы әдістемелік ұсынысты (тәсілді, әдістемелік идеяны) оқушы бойында ертеректен қалыптастыра бастаған, мысалы, 4-5 сыныптардан бастап жүйелі түрде пайдаланған тиімді болар еді деп ойлаймыз. Сонда ғана оқушы (болашақ студент) осы тәсілді пайдалана отырып, математиканы өз бетінше оқып-үйренуде, тыңғылықты еңбек етуде және сапалы терең білім алуда жақсы нәтижеге жете алады. Ол үшін математика пәні мұғалімі де ерінбей, жалықпай өз оқытушылық қызметінде жаңа оқыту технологияларын және әдіс-тәсілдерін жүйелі енгізіп, оны тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдерін қарастырып отырғаны жөн болар еді. Топтағы әр студенттің бүгінгі күнгі білімдік деңгейі ескеріліп, берілетін жеке тапсырмалардың көлемдік және күрделік деңгейлері әр кезеңде нақты анықталып отырылса, ұсынылып отырған оқып-үйрену тәсілінің тиімділігі едеуір арта түсетіндігі сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: АСАДЕМА, 2007.
2. Буланова-Топоркова М.В., Духовнева А.В., Кукушкина В.С., Сучков Г.В. Педагогические технологии. –Р/на Дону, 2002.
3. Тренерге арналған нұсқаулық.- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.
4. Математика әлемі. Математикадан пәндік энциклопедия. – Алматы, 2011.
5. Кудрявцев , Демидович Б.П. Краткий курс высшей математики. –М.:2015
6. Колмогоров А.Н., Фомин С.В. Элементы теории функций и функционального анализа – М.:2012.
7. Мүсілімов Б. Сызықты алгебра элементтері.-Тараз: 2015, -2026.

ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Байгабулов М.Р., магистр

Муратхан Р., PhD, доцент

Сланбекова А.Е., техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Қарағанды қ., Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті

SlanbekovaAE@mail.ru

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - өз ісіне шығармашылықпен қарай алатын, заманауи, жан-жақты дамыған ойлау қабілеті бар тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеу.

Инновациялық технологиялар қазіргі әлемдегі өзгерістердің ең үлкен жетекшісіне айналды. Инновациялық технологиялар деп белгілі бір қызметтің тиімділігін арттыру үшін жаңа нәрсені енгізуге немесе пайдалануға бағытталған жаңалықтар.

Инновациялық білім беру технологияларын қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Ақпараттық және жаңа педагогикалық оқыту бағдарламалары, оқытудың дәстүрлі әдістеріне қарағанда артықшылықтарға ие, өйткені олар орындауды іске асыру әрекетінің белгілі бір түрлерін әртүрлі тәсілдерді біріктіріп оқытуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар жеке көзқарасты жүзеге асыруға және студенттердің тәуелсіздігін арттыруға ықпал етеді. Инновациялық білім беру технологиялары баланың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық тәжірибеде қолданылатын жаңа әдістерді, формаларды, пәндерді, технологияларды анықтайды.

Инновациялық технологиялар - бұл білімнің басым мақсаттарымен ұштасатын пәндер мен әдістер: оқыту - тәрбие процесін ұйымдастырудың бірыңғай жалпы тұжырымдамасымен байланысты жаңа міндеттердің, мазмұнның, нысандар мен әдістердің күрделі және ашық жүйесі, мұнда әрбір ұстаным басқасына әсер етеді және сайып келгенде баланың дамуы үшін оң жағдайлар кешенін құрайды.

Интеллектуалды ақпараттық жүйелер мен технологиялар информатиканың болашағы және тез дамып келе жатқан ғылыми және қолданбалы салаларының бірі. Бұл компьютерлерді қолданумен байланысты барлық ғылыми және технологиялық бағыттарға айтарлықтай әсер етеді және бүгінде қоғамға ғылымнан не күтетіні – іс жүзінде маңызды нәтижелер береді, олардың көпшілігі оларды қолдану саласындағы түбегейлі өзгерістерге ықпал етеді [1: 32].

Педагогикалық инновациялық қызметті іске асыру білім берудің қазіргі заманғы сапасының тиімділігін қамтамасыз етеді, жоғары оқу орындарынан бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандарды шығарады. Педагогикалық инновациялық қызметті дамыту мыналарды

көздейді: инновациялық жобалардың жүйелілігі, басқарылуы, педагогикалық инновацияларды енгізудің қажеттілігі, қол жетімділік және нәтижелілік, еңбек нарығына бағдарлану, білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологиялардың ұтқырлығы.

Білім беру жүйесінде қолданылатын инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, адамгершілік оқыту, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, компьютерлік оқыту технологиясы, бағдарламалық оқыту, жасанды интеллект жүйесінде оқыту, деңгейлік оқыту және т. б. Олардың ішінде жасанды интеллект жүйесінің тиімділігін атап өткіміз келеді.

Интеллект деген ақыл - жаңа жағдайларға бейімделу қабілетінен, тәжірибеге негізделген оқу және есте сақтау қабілетінен, абстрактілі ұғымдарды түсіну мен қолданудан және өз білімдерін қоршаған ортаны басқаруды пайдаланудан тұрады. Интеллект - адамның барлық танымдық қабілеттерін біріктіретін білім мен қиындықтарды шешудің жалпы қабілеті: сезім, қабылдау, есте сақтау, бейнелеу, ойлау, қиял. Ал, жасанды интеллект - интеллектуалды компьютерлік жүйелерді, яғни біз дәстүрлі түрде адамның ақыл-ойымен байланыстыратын мүмкіндіктері бар жүйелерді-тілді түсіну, оқыту, ойлау қабілеті, мәселелерді шешу және т. б. дамытумен айналысатын информатиканың саласы.

Жасанды интеллект жүйесі ең жылдам дамып келе жатқан информатиканың негізгі бағыттарының бірі. Жасанды интеллект сапалы және жылдам дамып келе жатқан технология. Қазіргі кезде жасанды интеллект саласы адам өмірінің барлық ортасында маңызды рөл атқарады және адамның интеллектісі бар компьютерлер құруға тырысады. Әдістеме, технологиялар және жүйелер жасанды интеллект жүйелік есептерді талдау және басқару кезінде кеңінен қолданылады. Жасанды интеллект жүйесі білімді ұсыну модельдерін зерттеуде, машиналық оқытуда, мәліметтерді өңдеуде және талдау арқылы оқытылатын және дамитын жүйелерді құруға бағытталған. Жасанды интеллекттің қасиеттері - тілді түсіну, үйрену және ойлау қабілеті, ең бастысы, әрекет ету.

Жасанды интеллект әдістері: табиғи тіл сөйлеу технологиясында: мәтіндерді таниды және оларды автоматты түрде аударады, компьютерлік көру технологиясында: объектілері сәйкестендіреді, қадағалап отырады, суреттерден деректерді табады, шығарады және алынған ақпаратты талдайды, нысандарды таниды, бейнелерді талдайды, деректер туралы ғылым: білімді шығару, деректердің заңдылықтарын табады және болжайды. Сол сияқты, статистика, эконометрика және машиналық оқыту, тереңдетіп оқыту әдістерінде де қолданады [2:52].

Жасанды интеллект жүйесінің тәжірибеде машиналық аударма, сөйлеуді тану, табиғи тілдердегі мәтіндерді өңдеу, компьютерлік көру, көлік жүргізуді автоматтандыру және т. б. терең білім алуға негізделген. Жасанды интеллекттің қолдану салалары өте кең және есту қабілетіне таныс технологияларды да, жаппай қолданудан алыс жаңа бағыттарды да қамтиды, жалпы айтқанда, шаңсорғыштардан бастап ғарыш станцияларына дейінгі шешімдердің барлық қызметтер көрсету аясында қолданады.

Жасанды интеллекттің кеңінен енуіне мынандай үш фактор ықпал етеді. Біріншіден төмен бағамен жоғары өнімді есептеу ресурстарының қол жетімділігі. Соның ішінде, бұлтты технологияда көптеген есептеу ресурстарының болуы оларды кең аудиторияға қол жетімді етті. Бұл бұрынғы жүйелерде жасанды интеллект жергілікті есептеу желісі болды және өте қымбат болды.

Екіншіден оқытуда үлкен көлемдегі деректердің қол жетімділігі. Жасанды интеллектті нақты болжау жасауға үйрету үшін ол үлкен көлемде деректерді өңдеу қажет. Деректерді таңбалаудың әртүрлі құралдарының пайда болуы, сондай-ақ құрылымдалған және құрылымданбаған деректерді сақтау мен өңдеудің қарапайым және қол жетімді құралдары көптеген ұйымдарға жасанды интеллект алгоритмдерін құруға және үйретуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден жасанды интеллекттің бәсекелік артықшылықтары. Жасанды интеллекттің бизнес үшін бәсекеге қабілетті артықшылықтары туралы білетін және осы технологияны енгізуді басымдыққа айналдыратын компаниялар саны артып келеді. Мысалы, жасанды интеллекттің мамандандырылған ұсыныстары жылдам шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Жасанды интеллект сонымен қатар шығындарды азайтуға және тәуекелдерді азайтуға, нарыққа өтуді жеделдетуге және т.б. үшін көптеген құралдар мен мүмкіндіктерді ұсынады.

Бизнес үшін жасанды интеллекттің құндылығы сәтті жүзеге асырудың көптеген мысалдарымен расталады. Дегенмен, жасанды интеллектті енгізу белгілі бір қиындықтармен де байланысты. Жасанды интеллект ақпаратты толық сапалы өңдеу алмайды және әлі толық жетілдірілмеген кейде істеп шығып жатады және т.б. кез келген ақпаратты математикалық модель түрінде шығара алады, бірақ белгілі бір уақытта бұндай қиыншылықтар өз шешімін табады. Жасанды интеллекттің толық мүмкіндігін бірнеше компания ғана пайдаланады, себебі, жасанды интеллекттің қайда және не үшін қажет екенін түсіну керек, осындай мәселені шешу проблемаларды барынша азайтуға көмектеседі.

Жасанды интеллекттің бағыттарына: білімді ұсыну, білімге сүйеніп іс-әрекет ету, қарым қатынас жасау және қабылдау жатады. Сонымен қатар, жасанды интеллект адамның ойлауы білім қорына және логикалық қабілетіне байланысты. Жасанды интеллектуалды жүйелердің міндеті білімді модельдеу және пайымдауды модельдеу.

және бақыланады. Оқу курсының құзыретті дамуы кезінде қашықтықтан оқыту тиімділігі күндізгі оқытудың тиімділігінен кем түспейді. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту жүйесі білім берудің интерактивтілігі және ақпаратты елестету қабілеті сияқты негізгі бағыттар бойынша дамып келеді. Осы аспектілерді жақсарту оқытудың тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Үнемдеуге сондай-ақ белгілі бір бағдарламаға қатысты немесе белгілі бір есепті кезеңге қатысушылардың қызметі мен нәтижелері туралы есептер шығару арқылы қол жеткізіледі. Деректерді жинаудың, оны өңдеудің, есеп құрастырудың қажеті жоқ, мұның бәрін жүйе бірнеше секунд ішінде сұраныс бойынша дербес орындайды. Бұл уақытты үнемдеп қана қоймай, сонымен қатар қызметкерлерді белгілі бір бағдарламаға қатысуға ынталандыру немесе ынталандыру шараларын қолдана отырып, қашықтықтан оқыту жүйесіндегі белсенділіктің өзгеруіне жеделден қоюға мүмкіндік береді. Қызметкерлерді шалғай жерлерде оқыту кезінде үнемдеуге назар аударған жөн. Егер ұйымның қашықтағы филиалдары болса, және тек бір оқу орталығы болса, бұл жағдайда қашықтықтан оқыту жүйесін қолдану тиімді болады.

Енді белгілі бір себептермен шығармашылық жоба жұмысына күндізгі қатыса алмайтын оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруға көмектесетін онлайн-ресурстарды қарастырайық. Онлайн және оффлайнда жұмыс істеуге арналған ыңғайлы құралдар жиынтығын Google қызметі ұсынады. Мысалы, сіз Hangouts құралын дауыстық және бейне байланыс үшін қолдана аласыз. Жобаның өзектілігін анықтау үшін әдетте сауалнама жүргізіледі. Мысалы, әлеуметтік медида байланыстырылған Google Forms-ті қолдануды ұйымдастыру оңай. Google күнтізбесі арқылы жұмысты жоспарлауға және топтық кездесулерді жоспарлауға болады (жалпы онлайн чаттарды қоса алғанда). Жоба бойынша жұмыс барысында жиналған ақпаратты, сондай-ақ фотосуреттерді, аудиожазбаларды және басқаларын ортақ дискіде сақтау ыңғайлы. Сол сияқты, үйде оқитындар жалпы жобаның тұсаукесерінде ынтымақтаса алады. Google қызметін жоба өнімін веб-сайт түрінде ұсыну үшін қолдануға ыңғайлы. Google Sites құралын пайдалану өте қарапайым, оқушылар өздігінен игере алатын көптеген шаблондар бар. Егер жобаның өнімі бейне болса, сіз өзіңіздің Google есептік жазба арқылы оны YouTube-ке орналастыра аласыз. Қызықты құралға назар аударайық - тақырыптарды автоматты түрде жасау. Автоматты тақырыптарда сөздердің бұрмалануы болғанымен, оларды өңдеу оңай. Осылайша, қашықтықтағы технологиялар мен онлайн-құралдарды қолдану оқушылардың жобалық қызметін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді [3].

Қорытынды. Интернет-технологияларды білім беруде белсенді қолдану бүкіл әлемде корпоративті оқытуды ұйымдастырудың заманауи құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту университет ортасында кең таралып қана қоймай, сонымен қатар әр түрлі аймақтардағы кәсіпорындар мен ұйымдардың кадрларын даярлау үшін белсенді қолданылады. Менеджерлерді өндірістік оқыту жағдайында мұғалімнің өзі үшін жоғары пәндік біліктілік қажет (практикалық ұсыныстар және қатысушылардың аймақтық тиесілігіне қарай түзетілген білімді қолдану тәжірибесі). Материалдың көрнекілігі, ең алдымен, қарастырылатын тақырыптың барлық аспектілері мен бөлшектерін (өнім, технология, процесс) слайдтарда мұқият, егжей-тегжейлі және сауатты түрде көрсетуді талап етеді, бірақ мұның өзі жеткіліксіз.

«Әдебиеттер»

1. Лапчик М.П. Информатика и технология: компоненты педагогического образования // Информатика и образование, 2002, №1.-С.3-6.
2. Морено Р. Виртуалды мультимедиялық шындықтағы жаратылыстану пәндерін зерттеу: әдістер мен құралдардың рөлі // Білім берудегі инновациялар. - 2005. - № 4
3. Хахмович А.И. Орта өндірістік кәсіпорынның дилерлік желісінің сату персоналын корпоративті оқытуға мақсатты тәсіл// Білім берудегі инновациялар. - 2011. - №3

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ БІЛІМ АЛАТЫН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ - БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Смагулов Е.Ж., профессор, п.ғ.д., Хайрат А.. магистрант
КЕ АҚ «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті», Талдықорған қ.,
Smagulovezh@mail.ru

Мақала "ЖОО үздік оқытушысы" гранты аясында дайындалды.

Тақырыптың өзектілігі жаратылыстану-математикалық бағытты оқытуда белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру. Бүгінгі таңда бүкіл білім алушылардың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде, ақпараттық білім мен АКТ-құрылғыларын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған ақпараттық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру өзінің көкейкестілігін дәлелдеуде. Ал бұл болса білім беру процесінде балалардың, жасөспірімдер мен жастардың ақпараттық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені ақпараттық білім маңызды құндылықтың бірі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: жаратылыстану-математикалық бағытты заманауи технологиямен оқытуда және оқушыларға сабақтан тыс жұмыстарын жүргізу кезінде оқытудың ақпараттық мәселелерін теориялық- әдіснамалық тұрғыда негіздей отырып, ақпараттық білім беру құзыреттілікті қалыптастыру.

Жұмыстың міндеті: жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім алушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, сабақты ақпараттық технологиялармен байланыстыра отырып, ақпараттық білім ерекшеліктерін қалыптастыру;

Негізгі бөлім: XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді.

Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы [1: 72].

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту

процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Осылайша жаңа технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады. Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Қоғам талабы мен әлеуметтік сұраныстарға сәйкес жаңа технологиялар көбеюде. Мақсат - өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен білім алатын, өз бағыт-бағдарын айқындай білетін, өзін-өзі үнемі жетілдіре алатын қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру. Білім беруді ақпараттандыру қоғамды ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі ретінде оқытушылардың тек кәсіби сапасы мен дайындық деңгейіне ғана емес, сонымен қатар, оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілеріне де жаңа талаптар қояды [2].

Бүгінгі күні білім беру саласындағы ақпараттық технологияларды пайдалану бұл оқытушының білімі мен іскерлігінің және кәсіптік педагогикалық шеберлігінің элементі ретінде қарастыру қажет. Қоғамдық мәні бар барлық адамзат қызметінің түрлерінде шынайы қазіргі білімді толық пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған адамзат

өркениетінің ортақ, кезек күттірмейтін ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап, ХХІ ғасырдың басына дейінгі даму аралығын қоғамды ақпараттандыру деп атайды.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің

тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздесе, білім беруді ақпараттандыру бұл танымдық іс-әрекетті қайта құру үшін және білімгерлердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтуге арналған жағдайды құру мақсатында микропроцессорлық техника мен ақпараттарды тарату құралдарының, сондай-ақ осы құралдарға негізделген педагогикалық технологияның базасында ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және сақтау әдістері мен құралдарын педагогикалық практикаға жаппай енгізу болып табылады. Білім берудегі қазіргі ақпараттық технологиялар – адамзаттың интеллектуалдық жетістіктерін өзіне жинақтаған және адамзаттың интеллектуалдық қызметін, оның ішінде, білім беруді шынайы күшейтуге қабілетті құрал. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек»- деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Қазіргі таңда, әрбір жеке тұлға үшін компьютерді және ақпараттық технологияларды игеру оқу мен жазу қабілеті сияқты әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар білім беру үдерісінде ең тиімді оқыту құралдарының бірі болып табылады. Олай болса, ақпараттық технологияларды және олардың негізінде оқыту технологияларының қалай қалыптасатынын бақылайық. Сонымен қатар, оқыту технологиялары мен ақпараттық технологиялар арасындағы байланысты да анықтау маңызды. Технология ұғымы ақпараттық технологиялар саласынан келіп шыққан. Нақ осы сала техникалық тұрғыдан едәуір көбірек зерттелген сала болып табылады. Қазіргі заманғы

ақпараттық технологиялардың жоғары деңгейде дамуы оларды білім беру саласында да қолдануға мүмкіндік берді. Ақпараттық технологиялардың білім беру саласында қолданылуы маңызды объективтік себептермен дәйектелген.

Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан алдыма мынадай мақсаттар қойдым [3]:

- жаңа технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- біздің еліміздегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды пайдалану.
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру және т.б.

Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр. Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген.

Жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп бере алатын, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы айтқандай білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне жоғары оқу орындарын көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесіне ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іскер азаматтарды тарту қажеттілігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті, электронды поштаны қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттігін қанағаттандыру үшін білім саласында төмендегідей міндеттерді шеші көзделіп отыр [4].

Ақпараттық мәдениет дегеніміз тек компьютермен жұмыс істей білу емес, кез-келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.б. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді ақпараттандыру бағытында біздің колледжіміздің оқытушылары осы бағытта курстарға қатысып біліктіліктерін арттыруда. Колледжіміз мультимедиялық кабинеттермен жабдықталған және материалдық-

техникалық базасы үнемі жаңа технологиялармен толықтырылып, оқу-әдістемелік жұмыстары, оқу бағдарламалары жаңаша сипатта өзгертіліп отырады.

Қорытынды: Соңында, қорыта айтатын болсақ, үшінші мыңжылдық адамын қалыптастыру – дүниежүзілік, соның ішінде қазақстандық білім беру жүйесі алдындағы жауапты міндет. Оқытудың жаңа технологиясын, ең алдымен, білім сапасын жақсартатын, жалпы бұқараға білім беруді қамтитын жаңа бағыттарды дұрыс анықтасақ және оны жүзеге асыру барысында көргендік танытсақ отандық білім беру жүйесі өз алдына қойылған тарихи тапсырысты абыроймен орындап шығады деп сенеміз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушының ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Беляев М.И., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Демкин В.П., Краснова Г.А., Макаров С.И., Роберт И.В., Щенников С.А. и др. Теория и практика создания образовательных электронных изданий. // М.: Изд-во РУДН, – 2003, 241 с. Часть 1. 72 с.

2. Бабаев Д.Д., Смагулов Е.Ж., Хаймулданов Е.С. Математиканы оқытуда ІТ технологияларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері. ВЕСТНИК Жетysуского государственного университета имени И.Жансугурова. Серия «Математика и естественно-технические науки». Стр.11-15. Талдықорған, 2018

3. Ilyasov, D. F. Educational Technopark: New Opportunities for Improving the Quality of Education / D. F. Ilyasov, V. N. Kespikov, M. I. Solodkova, E. A. Kouzova, T. A. Danelchenko, A. V. Koptelov, G. V. Yakovleva // Modern problems of science and education. - 2018. - № 5 .; URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?id=25289> (access date: 10/14/2018).

4. Smagulov E.Zh., Smagulov B.E., Zheksenbay A.T. On the role of tasks in the formation and development of students' mathematical thinking. Proceedings of the international scientific - practical conference "PROBLEMS OF MATHEMATICAL EDUCATION IN THE INFORMATION SOCIETY", dedicated to the 85th anniversary of the doctor of pedagogical sciences, professor Burkit Baymukhanov, April 8, 2016. S.247-250. Almaty, 2016

КІТАПХАНАЛАРДА ОҚЫРМАНДАРҒА КАШЫҚТЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАҒЫТТАҒЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Смагулов Е.Ж., профессор, п.ғ.д., Турусбек В., студент
КЕ АҚ «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті», Талдықорған қ.,
Venera.trysbek@mail.ru

Мақала "ЖОО үздік оқытушысы" гранты аясында дайындалды.

Тақырыптың мақсаты: оқырмандармен жұмыс жүргізетін кітапханашылардың негізгі функциялары арқылы қалыптастырудың психологиялық-шарттарын оқырман мен кітапханашы арасындағы қарым-қатынас аспектілерін теориялық әдістемелік тұрғыда негізден әдістемесін жасау.

Негізгі бөлім. ХХІ ғасырдағы қоғамдық өзгерістер, қазіргі мәдени шаралар - адамзаттың ашық ақпараттық қоғамға өтуі кітапханада үлкен өзгерістер енгізуде. Мәдени

шаралардың бастылары - қоғамның ақпараттануы, коммерциялануы, демократиялануы, компьютерленуі бір сөзбен айтқанда заңды түрде цивилизациялануы кітапхана жұмысын жаңа деңгейге көтереді. Оқу өзінің мөлшеріне, мативіне қарай ақпараттағы сұранушыларын қалыптастырады. Оқу арқылы әлеуметтік құны бар, мәдениетті, рухани бай, жетілген, ағартушы адам пайда болды. Адамзаттың әрбір қызметі — оқусыз келмейді. Оқу — рухани мәдениетті қалауға әсер етеді, байытады [1].

Жүйелі тәсіл тұрғысынан алғанда, кітапханада оқырман оқуын ұйымдастыру келесі аралықтарда қарастырылуы мүмкін:

- оқырмандардың психологиялық, интеллектуалды және мәдени дамуы (ықылас, ес, кейіптік және логикалық ойлау, қиял, сөйлеу мәдениеті) тәртіп пен тілдеу, шығармашылық қабілеттер, т.б.) көрсеткіштері аралығында;

- оқырмандармен жұмыс жүргізетін (ақпараттық, білім беретін, бос уақытын тиімді өткізу және т.б.) кітапханалардың негізгі функциялары – жас ерекшелік категориялары аралығында;

- кітапханалық жұмыс түрлері (жеке және көпшілік; көрнекі және вербальді; ауызша, баспалық және т. б.) аралығында;

- кітапхана бөлімдерінің құрылымы (абонемент, оқу залы, АББ, компьютерлік класс, көрме залы, әдеби қонақжай және басқа да кітапхана қызметіне байланысты бөлімдер) аралығында;

- балалар оқуына әсер ететін басқа мекемелермен (мектепке дейінгі мекемелер, оқу орындары, балалар шығармашылығы орталығы сыртқы жұмыстар және т.б.) өзара қарым-қатынас аралығында.

Әрине, бұл балалар оқуын координациялау жүйесінің болуы мүмкін аралықтарының толық тізбегі емес екені түсінікті. Назардан тыс қалғандары: оқудың тақырыптық бағыты мен функционалды көрсетілімі (мәні), кітапханадағы балалар оқуын ұйымдастырудағы кадрлық қамтамасыздандыру, оқуға әлеуметтік жағдайы, жыныс белгілері бойынша талдау жасау және т.б.

Аталмыш жұмыстың мақсаты – оқырмандармен жұмыс жүргізетін кітапханалардың негізгі функциялары бойынша деномпозицияларға егжей-тегжейлі тоқталу.

Ақпараттық функция. Бұл функция аясында, ең алдымен, оқырмандар үшін әртүрлі ақпарат көздерінің – энциклопедиялардың, анықтамалықтардың, білімнің барлық салалары бойынша ғылыми-танымдық әдебиеттердің, мерзімді басылымдардың, каталогтардың, картотекалардың, мәліметтер базасының, Интернеттің, аудио- және видеожазбалардың ашықтығы (тиесілілігі) жайында сөз қозғау керек. Осы орайды, кітапхана қорын толықтыруға, квалификацияланған мамандармен, компьютерлік техникамен, аудио және видеоөнімдік құжаттармен қамсыздандыруға тиесілі сәйкес талаптар қою заңды нәрсе.

Негізгі функциялардың аралығындағы оқырмандар оқуын ұйымдастыру.

Оқырмандар оқуын ұйымдастыру дегеніміздің өзі қиын да көп қырлы мәселелердің кешенін білдіреді. Ал, ол мәселелерді жүйелі түрде шешу тиімді болар еді.

Сондықтан бүгінгі күннің басты мақсаты балаларды кітап мәдениетіне баулу. Бірқатар әлеуметтік институттар ішінде кітапхана - өзінің қызметі арқылы жеке тұлғаларға әсер ете білетін, олардың сұранымына қызығушылығына, тапсырыстарына жауап беретін, қанағаттандыратын мекеме. Өйткені кітапханашылар бір оқырманға жауапкершілікпен қарай отырып, кітапхананың қызметкері және барлық кітапханалар жүйесінің атқарушысы ретінде жауап қызмет көрсетеді. Теориялық зерттеу қорытындылары бойынша, жеке тұлғаға әсер ету, басқару қызметі, әлі толық зерттеуді талап етеді. Кітапхананың басты мақсаты, жанұямен, мектеп, жоғары және арнаулы оқу орындаумен, көпшілік ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, жоғары талантты оқырман тәрбиелеу, олар адамгершілігі мол, интеллектуалды, әдеби шығармалардағы тәжірибелерді ала беретін болуы керек. Оқырманға оқу мәдениетін тәрбиелей отырып - оның творчестволық ойлау қабілетін қалыптастырады қол жеткіземіз. Ал, творчестволық оқу дегеніміз, интеллектуалды адамның динамикалық дамуына жол ашу, рухани қызметегі белсенділігін арттыру. «Творчестволық оқу» және «Оқу өнері» деген түсінік, бір-

біріне туыстас. Бірақ «Оқу өнері өзінше ерекшеленеді» Творчестволық оқу - дегеніміз, алдын - ала белгіленген, өз алдына мақсат қойған, құжаттарды іріктеу және оқылған саралап, оймен өлшеп, өзінің оған деген қатынасын қалыптастыру. Әрбір оқырманның оқу жүйесі болуы қажет. Оқу жүйесіне қарай отырып, психологиялық және әлеуметтік параметрлерін көре білу және сыртқы факторлардың әсерін сезу қалыптасады. Жеке тұлғаның творчестволық дамуын қалыптастыруда басты рөлді оқудың дамытылуы алады. Ересек адамдар яғни өзінің дамуы импульсі жоғалмағандар, оқуын өз талабын дамытудағы жұмысшыларды, өмірдің кейбір мәселелерін шешуге жұмсайды. Қазіргі кезде зерттеу жүргізу материалдарды және олардың түрлерін, жанрын, тақырыбын, әдебиеттер саласы арқылы адамның творчестволық потенциалын ашады. Оқу оқырмандарының жаңаша қызметі және оны орындауын арттырады. Оқырманның жеке тұлға ретінде қалыптасуына қатты әсер ететін және көмек беретін ол өзін-өзі үздіксіз оқу арқылы тәрбиелеу [2].

Өздігінен оқудың шеңбері тар, ал өзіне - өзі оқу арқылы тәрбиелеудің ауқымы кең. Кітапхананың оқырманға көмекке келуі, оның қызығушылығына жауап беруі, кітапхана библиографиялық білімін насихаттау, оқырманға ақпарат легінен өзіне керегін таңдауға үйрету арқылы жасайды.

Қоғамдық мәдени, әлеуметтік саяси өзгерістерге қарай оқуға әсер ету қызметі бастайды. Соңғы кезде зерттеу қорытындысы бойынша оқудың түрі өзгереді, әдебиеттерге көзқарастардың өзгеруі арқылы түрлі оқырман топтары пайда болды. Көпшілік оқу шеңберінен идиологиялық әдебиеттер, класика, жұмыскерлер туралы романдар, колхоз құрлысы т.б. тақырыптар шығып қалды. Оның орнына көпшілік әдебиеттер (Мысалы; детективті, фантастика, синтементалды- махаббат романдары алмасты)

Сұранымның жаңа түрі - бизнес, менеджмент қаржы, заң, дін және т.б. әлеуметтік психологияда оқу қарым - қатынас құрамы ретінде қазіргі қоғамға сай дамиды.

Мұғалім тақырыпты неғұрлым жүйелі түрде ашып, сөйлесіп отырса, оқушылардың зейіні мен материалды игеру соғұрлым аз болады. Және де, керісінше, мұғалім өздерінің төл тәжірибелеріне негізделген практикалық мысалдарды неғұрлым көп келтірсе, қашықтағы аудиторияның зейіні соғұрлым жоғары болады және сәйкесінше материал ассимиляцияланады.

Шын мәнінде оқу баланың өміріне көп пайда береді. Өйткені ,ол баланың білімін арттырады., оған мәдениет есіктен ашады, оған ұнамды және пайдалы уақыт өткіздіруіне мүмкіндік береді, тіл байлығын дамытады. Сауаты сөйлеп жазатын болады. Сондай - ақ оқу балаға ұшқыр ойлау, терең назар аударып, зерделеу қабілеттерін береді. Әрі оның пікір түсіік деңгейін өсіреді. Оқу баланың өзін танып қалыптастыруына кездесетін қиыншылықтардың шешімін табуына шама береді. Оқуға және кітапқа деген сүйіспеншілік бала бойында тағы басқа қажетті және өте жақсы нәрселерді қалыптастырады [3].

Негізінде бала бойына оқуға деген сүйіспеншілікті егу отбасынан басталады. Отбасы бала көңілінде бұл сүйіспеншілікті оятуға тиісті. Егер сіз балаларыңызға оқуды сүюді үйретсеңіз оларға өмірлерінде басқа нәрседен гөрі көбірек пайдалы жеміс беретін сыйлықты берген боласыз. Бірақ бұған жету жолы қандай? Әсіресе, балаларды бірнеше сағаттар бойы үзілісіз шұғылдандыратын етіп қойған, Сиқырлап алушы ойындар мен әртүрлі әртүрлі көңілге жағымды қызықты сауықтар көбейген мына заманда бұның және қандай жол болмақ?! Сұраққа жауап беруден бұрын «Оқып беруші ана» атты өлеңнің аудармасын екінші жолын келтіре кетпепіз:

«Негізінде, сенде сандықтарда алтын - күміс, гауһар тастар болуы мүмкін. Алайда сен, ешқашан да менен көрі бай бола алмайсың. Өйткені, менің оқып беруші анам бар» Баланың оқуға қызықтыру тәсілдері.

Бүгінгі балалар кітапханасы - жас ұрпақ үшін үздіксіз қызмет атқарушы. Көптеген балалар жақсы сөйлегеніменен, белгілі бір мәселе төңірегінде өз ойын ортаға салу, пікірталасу кезінде ойын толық жеткізе алмай қиналады. Баланың сөздік қорын молайту, шешендік өнерге баулу мақсатында «Өнер - алды қызыл тіл» байқауын ұсындық. Онда қазақ халқының би - шешендердің аталы сөздері тапсырмалар берілген.

Бүгінгі таңда кітапханашылардың кәсіби шеберлігіне, білік өрісіне, зиялылық және

танымдық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Күрделі және қырлы тапсырмаларды шешу сияқты балалардың кітап оқуын ұйымдастыру бағдарламасын іске асыру және табысты жоспарлау кәсіби дайындығы дамыған мамандардың ғана қолынан келетіні сөзсіз. Балалардың кітап оқуын ұйымдастыру проблемасын шешуде соған лайықты эмоциялық көңіл-күй түзу және кәсіби сауаттылықты көтеру үшін кітапхана қызметкерлері ең алдымен өз кәсіби шеберліктерін көтеруге ұмтылуы қажет.

Біздің кітапханада қызметкерлердің білім жетілдіру жүйесі төменгі бағыттарда жүргізіледі:

- ғылыми әдістемелік кеңес;
- кәсіби шеберлік мектебі;
- әдеби дастархан (кітапханашының ой-өрісін кеңейту);
- компьютерлік сауаттандыру мектебі;

Бұнымен қоса (Эффективный библиотекарь) «жігерлі кітапханашы» курсы келесі 3 бағатта жұмыс жүргізеді:

- қызметкерлерді басқару;
- басқару және жоспарлау;
- өзін-өзі басқару;

- кәсіби мобильдік (кітапхана қызметкерлерінің инновациялық және жаңа өзекті мәселелер төңірегінде дер кезінде хабардар болуы, жаңашылдығы, білімділігі, жылдамдығы).

Уақыт өзгерген сайын кітапхана саласындағы қызметте оның әдістері мен бағыттары да түрлене алға басуда. Демек біздің кітапханашыларымыздың да өз қызметіне деген таза сезімі, көрген көз айшықты еңбектері — жаңашылдығымен, біліктілігімен, іздепаздығымен, білімділігімен алға басуы шарт. Ал бұл дегеніміз - мыңдаған жас оқырмандарымыздың кітапқа және кітапханаға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қазіргі таңда ең басты мәселенің бірі кітап шығару мәселесі. Ата -аналардың пікірі балаларға, арналаған кітаптардың мұқабасы әдемі, әсем безендірілген болса екен. Қазақ тілінде балаларға арналған көркем әдебиеттер өте аз. Кеңес үкіметіндегі кезеңіндегі пионерлер өмірі туралы әңгімелер, қазіргі балалар үшін қызықсыз. Сондықтан жазушылар балаларға арнап заман талабына сай әдебиеттер, қызық ертегілер жазса нұр үстіне нұр болар еді - дейді аналардың жауабы. Кітап дүкендерде қазақ тіліндегі кітаптар саусақпен санарлық. Ал орыс тіліндегі кітаптар Ресейде балаларға арналған кітаптардың көптігі сондай, олар «балаларды өзіне керегін ғана тандап алуға үйрету керек» деген мәселені көтеріп отыр [4].

Қазіргі оқырман кітапханалары мемлекеттік саясатты белсенді жүргізушілер, көптеген бағыттар бойынша ақпараттық-насихат орталықтары болуда. Бұл жұмыс балалар кітапханасында бұқаралық жұмыстардың түрлерін, баланың оқырман болып қалыптасу мәселелері және оларды шешу жолдары, оқу арқылы кітапхананың атқаратын ролі, олардың оқу мәдениетін дамыту, кітапханашы мен оқырман арасындағы өзара қарым-қатынас психологиясы көрсетілген.

Қорытынды. Кітапхана ісі мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады.

Қазіргі кезде адамдардың өскелең ұрпақтардың талабын қанағаттандыру, рухани дүниетанымы кең, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ бейімдеуде, мәдени құндылықтарды жаңғыртып, таратуда сипат беретін мәдени орынның бірі балалар кітапханасының орны ерекше. Оқырман балалардың рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда балалар кітапханасының маңызы зор.

Сондықтан кітапхана ағарту және ақпарат мекемесі, балалар кітапханалары мен баспа шығармаларын сақтайтын, оны насихаттау жөнінде қызмет атқаратын мәдениет ошағы қорыта айтатын болсам, жалпы балалар кітапханаларында оқырмандарға қызмет көрсетудегі қарым-қатынас аспектілері және оны шешу жолдарын айқындап талдадым. Кітапхана мен оқырман арасындағы өзара қарым-қатынас психологиясын талдап зерттедім. Сондай-ақ кітапханада ақпараттық процестерді компьютерлендіру мәселесіне басты назар аударылуда.

Біз балалар кітапханаларында оқырмандарға қызмет көрсетудегі қарым-қатынас аспектілері балалар кітапханаларындағы бұқаралық жұмыс түрлеріне карап шықтық. Дәлірек айтсақ, баланың оқырман болып қалыптасуы мәселелерін қарастырып оларды, шешу жолдарын атап өттік. Кітапхана оқырмандарына кітапты дұрыс ұсына білсе, балалардың оқуға деген ынталығын және кітапты өз бетімен пайдалана білуге тәрбиелей алса онда кітапхана жұмысының дұрыс жолға қойылғандығы білінеді.

Кітапханаға жаңа келген балаларға кітапты мұқият біліп ұсыну керек, өйткені балалардың арасында көп оқыған талаптары күшті оқушылармен қатар кейде аз оқыған балаларда кездеседі.

Балалар кітапханасының жұмыс негізгі бағыт мақсаты балаларға қызмет көрсету. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға оны ұйымдастыруға және тәрбиесіне көмек көрсету, балалардың ақпаратқа қолы еркін жету құқығын қамтамасыз ету. Балаларға жан-жақты тәрбие беріп мінезі мен сезімінің, өмірге деген көз-қарасының қалыптасуына көңіл бөлу -әрбір кітапханашылардың міндеті.

Ғылым мен техниканың дамуы өрлей түскенімен кітап адамзат баласының рухани, жан дүниені кеңейтіп бірден бір қазына ретінде қолданыла беретіні сөзсіз.

«Әдебиеттер»

1. Байсымбекова, Ж. Өркениеттегі кітапхана қандай болу керек? //Қазақ әдебиетті - 2005. №6. Б. 11.

2. Есенқызы, П. Ауылдық кітапханаларда балалар мен жасөспірімдерді- ақпарат пен дамыту мәселелері. // Кітапхана. - 2005 - №1 - 9 -11 Б

3. Мұсабекова, Г.К. Дәстүрден жаңашылдыққа // Кітапхана әлемі -2005 -№1-25Б

4. Садырова, Ғ. Білім кілті кітапхана // Мектептегі кітапхана - 2004. №1. Б. 22-23.
32.Сүндетова, А. К. Балаларды кітап оқуға тартудың қызықты түрлері. // Кітапхана, 2006-№і 1-27 Б

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Талгат А. магистр, аға оқытушы

Максутова К.М. магистр, аға оқытушы

Ергеш М.Ж. магистр, аға оқытушы

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақ технология және бизнес университеті

amangul_talgat81@mail.ru

kundyzym@bk.ru

shymkent90@mail.ru

Соңғы онжылдықтардағы Қазақстан Республикасының әкімшілік реформаларының мақсаты мемлекеттік және муниципалды жаңа заманауи технологияларды енгізу, басқару болды.

"Электрондық үкіметті" дамытуға ерекше назар аударылды,оның технологиялары азаматтар үшін мемлекет істеріне қатысуға, жария қызметтерді алуға қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берер еді. Сонымен бірге, бұл технологияларды мемлекеттік басқару органдарының қызметіне енгізу бірқатар қиындықтармен қатар жүреді, әсіресе муниципалитеттер деңгейінде.

Іс жүзінде жыл сайын жаңа автоматтандырылған ақпараттық жүйелер іске қосылады, олармен жергілікті басқару органдары жұмыс істеуі керек, олардың кейбіреулері муниципалды қызметтерді көрсетуге қатысты. Сондай-ақ, осы жүйелермен жұмыс істеу ережелеріндегі тұрақты өзгерістерді атап өткен жөн, бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарының олармен өзара әрекеттесуін күшейтуге және орналастырылған ақпарат көлемінің ұлғаюына әкеледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары ақпараттық жүйе деректерінің тиімді жұмысын енгізу және қамтамасыз ету үшін әрдайым жеткілікті материалдық және кадрлық ресурстарға ие бола бермейді, бұл мәселеде мемлекеттік билік органдарынан едәуір артта қалады.

Муниципалдық қызметтер, ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз ету, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, автоматтандырылған ақпараттық жүйелер, электрондық үкімет.

Соңғы екі онжылдықта Қазақстан Республикасында кең ауқымды әкімшілік реформа жүріп жатыр, ол бірқатар заманауи технологияларды енгізуді көздейді оның ішінде қызметтер көрсету, "электрондық үкімет"технологиялары. Аталған технологияларды пайдалану өзара байланысты сипатқа ие екенін атап өту қақпараттық жүйеет, яғни мемлекеттік және муниципалдық қызметтерді көрсету "электрондық үкімет"технологияларымен қамтамасыз етілуге тиіс. Сонымен, 27.07.2010 жылғы № 210 "мемлекеттік және муниципалды қызметтерді ұсынуды ұйымдастыру туралы" заң қызметтерді электронды түрде алу мүмкіндігіне кепілдік берді, ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 601 Жарлығы мақсаттардың бірі ретінде 2018 жылға қарай осы қызметтердің үлесін 70% - ға дейін жеткізу қақпараттық жүйееттілігін көрсетті [3]. Бұдан басқа, "электрондық үкімет" технологиялары жария билік органдары қызметінің, оның ішінде қызметтер көрсетумен байланысты ішкі процестерін де өзгертуге арналған болатын. Шын мәнінде, олар, біздің ойымызша, қызмет көрсету процесін ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз етуді құрайды. О. Ю. Салтыкова муниципалды басқарудың ақпараттық қолдауымен пайдаланушыларды (тұтынушыларды) ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған тұжырымдамалар, әдістер мен құралдар жүйесін түсінеді [4].

Экономикалық энциклопедияға сәйкес, ақпараттық қамтамасыз ету ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау және берудің ақпараттық ресурстарының (деректер банктерінің), қарақпараттық жүйеатының, әдістері мен технологияларының жиынтығын білдіреді [1].

Муниципалдық қызметтерді ұсынуды ақпараттық қамтамасыз ету "мемлекеттік және муниципалдық қызметтерді ұсынуды ұйымдастыру туралы" заңда бекітілген өтініш берушілердің ақпараттық құқықтарының тәртібіне негізделген. Біріншіден, бұл коммуналдық қызметтерді, оның ішінде электронды түрде көрсету тәртібі туралы толық, өзекті және сенімді ақпарат алу, сондай-ақ өтініш берушінің таңдауы бойынша муниципалды қызметтерді электронды түрде алу құқығы.

Екіншіден, бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш берушілерден муниципалды қызметтерді (мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару, ведомстволық ұйымдар) ұсынудың басқа қатысушыларының қарамағындағы құжаттар мен ақпаратты ұсынуды талап етуге тыйым салу [2].

Муниципалдық басқаруды ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары ретінде техникалық-технологиялық қамтамасыз етуді, басқару ақпаратын стандарттау мен біріздендіруді, басқару персоналының кәсіби және психологиялық даярлығын дамытуды және заңнама талаптарына сәйкес ақпаратты қамтамасыз етуді бөліп көрсетуге болады [1]. Біздің ойымызша, муниципалды қызметтерді оның материалдық негізі ретінде техникалық және технологиялық қамтамасыз ету ерекше маңызды. Ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (акт) жиынтығын қамтиды, олар әртүрлі құрылғылар, әдістер, механизмдер, ақпаратты өңдеу алгоритмдері және АКТ материалдық тасымалдаушылардың (компьютерлік технологиялар, кеңсе жабдықтары, Телекоммуникациялық жабдықтар), сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық жүйелер мен дерекқорлардың болуын болжайды. Осылайша, муниципалды қызметтерді ақпараттық-коммуникациялық қолдау деп біз муниципалды қызметтерді ұсыну процесінде ақпаратпен жұмыс істеу құрылғыларының, әдістерінің, механизмдерінің және алгоритмдерінің жиынтығын түсінеміз. Соңғы онжылдықта мемлекеттік органдардың қызметіне әртүрлі Ақпараттық жүйелер (АЖ) айтарлықтай қарқынмен енгізілді. Бұл мәселедегі басымдық, әрине, бүкіл елде бірыңғай байланыс кеңістігін қамтамасыз етуге арналған жүйелерге тиесілі (мысалы, сәйкестендіру және аутентификацияның бірыңғай жүйесі). Сонымен бірге, бұл жүйелердің едәуір бөлігі Қазақстан Республикасының субъектілері деңгейінде қайталанды, мысалы, мемлекеттік және муниципалды қызметтердің тізілімдері мен

порталдары. Бұл ретте ақпараттық жүйенің айтарлықтай айқын ерекшелігі байқалады: олар көп тапсырмалы (көрсетілетін қызметтер порталдары), сондай-ақ жеткілікті түрде мамандандырылған міндеттерді орындайтын ("мемлекеттік және муниципалдық төлемдер" мемлекеттік ақпараттық жүйесі); көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың пайдалануына арналған (көрсетілетін қызметтер порталдары және органдардың ресми сайттары) және жария басқару органдары (тізілімдер, ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимыл жүйелері) болуы мүмкін. Муниципалды қызметтерді ұсынудың ақпараттық-коммуникациялық қолдауын талдау үшін, біздің ойымызша, оның негізгі процестерін бөліп көрсету қақпараттық жүйеет. Оларға мыналар жатады: қызмет туралы ақпарат беруді ұйымдастыру; өтініш берушінің құжаттарын қабылдау және өңдеу; талдау және шешім қабылдау, шешімді келісу; коммуналдық қызмет нәтижелерін беру; қызмет көрсетуді бақылау және бағалау.

Нәтижесінде, муниципалды қызмет көрсету барысында жергілікті өзін-өзі басқару органдары қазіргі уақытта шамамен 8 ақпараттық жүйемен жұмыс істейді, бұл әрине, белгілі бір қиындықтар.

Біріншіден, бұл ақпараттық жүйемен жұмыс істеу проблемалары. Бұл жағдайда, ең алдымен, ақпараттық жүйені пайдаланудың бірыңғай тәсілінің жоқтығы, осы саладағы нормативтік құқықтық реттеу проблемалары, ақпараттық жүйенің өзінде үнемі өзгерістер және олармен жұмыс істеу ережелері туралы айтылады. Сондай-ақ, әкімшілік ережелерді түзетуге байланысты муниципалды қызметтер туралы ақпараттың үнемі өзгеруін атап өткен жөн. Нәтижесінде әр түрлі ақпараттық жүйелерде, ең алдымен тізілімде және ресми сайтта муниципалды қызметтер туралы ақпаратты үнемі жаңартып отыру қақпараттық жүйеет.

Екіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару органдары ақпараттық жүйе деректерінің тиімді жұмысын енгізу және қамтамасыз ету үшін әрдайым жеткілікті материалдық және қаржылық ресурстарға ие бола бермейді және бұл мәселеде мемлекеттік билік органдарынан едәуір артта қалады. Бұл қызмет көрсететін муниципалды қызметкерлердің жұмыс орындарын жабдықтауға, заманауи компьютерлік және ұйымдастырушылық жабдықтарға, сондай-ақ интернеттің тез және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысты. Сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жеке ақпараттық жүйеге қосу ақылы негізде (мысалы, ЭЕМ-ге) жүретінін және бірқатар ақпараттық жүйені пайдалану үшін электрондық қолтаңбаны сатып алу қақпараттық жүйеет екенін ұмытпау керек. Бұл мәселелердің бір бөлігі аймақтық бағдарламалар арқылы шешілуі мүмкін, бірақ негізінен жергілікті бюджеттен қаржыландыру қақпараттық жүйеет.

Үшіншіден, муниципалды қызметтерді ұсыну барысында ақпараттық жүйені енгізу мен онымен жұмыс істеуді кадрлық қамтамасыз ету маңызды мәселе болып қала береді. Бұл жағдайда муниципалды қызметкерлердің бірнеше санаттарын бөлуге болады: ақпараттық жүйені енгізу және сүйемелдеу тобының мамандары; сыртқы өзара әрекеттесуді көздейтін нақты ақпараттық жүйемен жұмыс істеуге жауапты адамдар (яғни, Тізіліммен жұмыс істеуге уәкілетті тұлғалар); қызмет көрсету процесіне қатысатын муниципалды қызметкерлер.

Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды иелену үшін муниципалды қызметкерлердің кәсіби дайындығының жалпы деңгейі төмен болып қала береді, бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне барған сайын күрделі, күрделі шешімдердің енгізілуіне байланысты өте маңызды. Сонымен қатар, көбінесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары муниципалды қызметкерлердің жаңа ақпараттық жүйесін енгізуге теріс реакциясына тап болады. Мұның себептері әртүрлі болуы мүмкін-жаңа ақпараттық жүйеден қорқу; жаңа білім мен технологияларды игеру қақпараттық жүйееттілігі; жұмыс жүктемесінің артуы (мамандарға олардың әдеттегі жұмысынан басқа, ақпараттық жүйеде жұмыс істеуге, сондай-ақ жұмысты тек қағаз түрінде ғана емес, электронды түрде де орындауға тура келеді).

Муниципалды қызметтерді көрсету кезінде қолданылатын ақпараттық жүйелер дамуының жақын перспективаларына келетін болсақ, бірнеше тенденцияларды атап өткен жөн. Біріншіден, муниципалды қызметтерді көрсету кезінде қолданылатын ақпараттық жүйелер саны мен олардың функциялары артады деп сеніммен айтуға болады. Суретте көрсетілгендей. 1. муниципалдық деңгейде әзірге тұрғындар тарапынан көрсетілетін қызметтерді ұсыну процесі мен сапасын бағалауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер жоқ. Мамандандырылған

ақпараттық жүйе ("сіздің бақылауыңыз" Мемлекеттік қызметтерді мониторингілеу ақпараттық жүйе және сотқа дейінгі (соттан тыс) шағымдану әзірге мемлекеттік биліктің мемлекеттік органдары көрсететін мемлекеттік қызметтерді бағалау үшін жұмыс істейді. Оларды муниципалды деңгейде енгізу уақыты туралы айту әлі қиын. Сонымен қатар, перспектива ретінде бұл мәселені шешуді қамтамасыз ете алатын қолданыстағы күрделі ақпараттық жүйе (қызметтер порталдары) функционалдығын кеңейту туралы айтуға болады. сондай-ақ, сөз қолданыстағы ақпараттық жүйені біріздендіру жүйесіндегі өзгерістер (әсіресе өңірлік деңгейде), функционалын жетілдіру, ақпараттық жүйе деректерінің интеграциялануын қамтамасыз ету туралы болып отыр.

Екіншіден, жақын арада муниципалды қызметтерді ұйымдастырудың жалпы өзгеруіне байланысты жергілікті өзін - өзі басқару органдарының ақпараттық жүйемен өзара әрекеттесу көлемі артады-электронды түрде көрсетілетін муниципалды қызметтер санының көбеюі; ведомствоаралық өзара іс-қимыл кезінде көбірек құжаттар алу ақпараттық жүйееттілігі; ақпараттық электрондық алмасу мүмкіндігін іске асыру.

нәтижесінде, біздің ойымызша, ақпараттық жүйені енгізу және онымен жұмыс істеудің өзі мақсат емес екенін атап өткен жөн. профессор Ю. Н. Южаков атап өткендей, инновацияларды одан әрі енгізу мемлекеттік қызметтер сапасының өсуінің негізгі резерві болып табылады, ал инновацияларды пайдалану кезінде қызметтерді алушылардың қанағаттану деңгейі айтарлықтай жоғары болады.

Әдебиеттер тізімі

1.Мемлекеттік басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету // экономикалық энциклопедия [Электрондық ресурс].

2.Мемлекеттік және муниципалдық қызметтерді ұсынуды ұйымдастыру туралы: [Электрондық ресурс].

3.Южаков В.Н. мемлекеттік және муниципалды қызметтердің сапасы: әкімшілік реформаның күш-жігері мен нәтижелері // мемлекеттік және муниципалды басқару мәселелері.

4.Салтыкова О.Ю. Муниципалды басқару процестерін ақпараттық-коммуникациялық қолдау.

ADOBE FLASH ОРТАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ҚҰРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Тохаева А.О. информатика магистрі
Анетова А.Ж. техника ғылымдарының магистрі
Қазақ технология және Бизнес Университеті
tohaeva81@mail.ru

Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің білім деңгейіне жету қажеттілігі күннен күнге артып келе жатыр. Дүние жүзінің білім беру әдіс-тәсілдері иновациялық бағыттармен ауыстырылуы арқылы жалпы еліміздің білім деңгейін арттыру көзделген. Қазіргі заманауи әлемде біздің қоғамымыз білім берудің жаңаша ақпараттандыру және автоматтандыру кезеңіне көшу үстінде. Яғни оқыту кезінде жаңа компьютерлік технологияларды кірістіріп, соған байланысты ақпараттық коммуникациялық технологияларды педагогиканың табиғи ортасына айналдыру.

Қазіргі білімді әрі білікті ұрпақ үшін кітап қаншалықты қажет болса, жаңа компьютерлік технологиялар да соғұрлым қажет деп санаймын. Солай болса, мектеп бағдарламасындағы барлық сабақтарды компьютердің көмегі арқылы жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Электронды оқулық - тану мен білу құралы, ал оның құрылымы мен мазмұны қолдану мақсатына байланысты. Ол репетитор әрі тренажер. Электронды оқулық сызықтық технология және байланыс жүйелерін пайдаланған кезде ерекше мәнге ие болады. Орта мектепте барлық

пәнге оқытудың электронды оқу құралын жасау қажеттілігі бар, себебі бұл оқулық оқушының ойлау өрісімен, әлемді визуалды тануға мүмкіндік береді.

Adobe Flash арқылы сабаққа қажетті ақпараттарды ғана емес, сонымен қоса мультимедиялық ақпараттарды кіргізе аламыз. Және өзіміздің жоспарлап қойған жұмысымызды бұл бағдарламада жасай аламыз. Оған дәлел бағдарламада орнатылған құрал саймандар панелі, анимация жасау үшін кадралар панелі және гиперссылка арқылы жобаларымызды құрастырамыз.

Flash – электронды мультимедиялық бағдарлама жасауға арналған. Бүгінгі күнде Flash растрлық, векторлық, 3D графикамен, аудио және видео ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді және осы айтылғандардың бәрінен анимациялық сахна қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қоса бұл программада көптеген интернет-жарнамалар, роликтер тағы басқа сондай сияқты ғаламтордағы үлкен сайттар жасалуда.

Flash – барлық күрделі интерактивті қосымшаларды жасаудың ең оңай тәсілдерінің бірі. Мультипликация, графика мен эффекттердің жоғары сапасы арқасында Flash-тегі оқулықтар, сайттар өте тартымды көрінеді. Қолайлы және әмбебап. Әрқашан флэш технологиясының басты артықшылығының бірі болған ол – ырғақты анимация. Флешті ғаламторда қолдану кезінде бәсекелес технология жоқ десекте болады.

Егер сайтта «жанды сурет» алдын ала қарастырылған болса, яғни құстың ұшуы, жауынның жауы, мұхиттардың толқуы немесе табиғатың тылсым басқа да қозғалыстардың болуы қажет болған жағдайда көбінесе флэш қолданылады.

Қазіргі заманда адам көп істі компьютерді пайдалану арқылы атқарады. Кез келген міндетті орындау, яғни нәтиже алуға жеткізетін әрекеттердің алдын ала жазылып қоюын қажет етеді. Алгоритмнің негізінде түзіледі, яғни есеп шешуінің алгоритмі оны компьютерде орындауға жарамды түрде жазылады. Осыдан барып компьютердің көмегімен есепті шешу процесінің мәні алгоритмді құру екені көрінеді.

Мысал ретінде география пәнін алайық. География пәнінен электрондық оқулық жоба негізінде ұйымдастырылған зерттеу жұмысының қорытынды материалдары, ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық пікірлердің негізінде тұжырымдалып, нәтижелі жүйеде құрылуына байланысты, мектеп курсына мұғалімдер мен педагогикалық колледж мұғалімдеріне, мектеп оқыту теориясы мен әдістемесі бөлімінде оқитын студенттерге септігін тиетін дайын электрондық құрал болып табылады.

Біз де бұл бағдарлама арқылы география пәнінен электрондық оқулық жасадық. Себебі бұл бағдарламаның арқасында біз әлемнің жер қыртыстарын, материктер мен мұхиттардың бейнесін анимация арқылы жасап, оқушыларға қызықты етіп жеткізуге мүмкіндік беріледі, себебі құрастырылған анимациялардың арқасында оқушылар берілген тақырыпты тек теориясын ғана біліп қоймай, сонымен қатар ойша визуалды түрде елестете алады.

Сабақ өту кезінде түрлі контурлық карталарды қағаз түрінде емес, электронды түрде көріп, сол бойынша тапсырмаларды орындайды. Менің ойымша қазіргі таңда біз жаңа технологияларды толығымен қолданып жүрген жоқпыз, ол үшін көп еңбектеніп, оқу керек. Жалпы білімді ұрпақ өсіру бұл тек еліміздің талабы емес, бұл табиғи болатын дүние жүзінің талабы. Яғни біз заман талабына сай оқыту құралдарын жасау үстіндеміз. Басқада дамыған елдерден қалыспай, өзіміздің жаңаша идеяларымызды тауып, әлемге танытамыз.

Білімді беру саласында озық технологияларының енуі педагогтардың оқыту әдістемесін, оқыту стилін заманауи стильге өзгертеді. Сонымен қоса жаңа технологиялардың арқасында, оқушыларды сабаққа деген қызығушылықтары артып, ізденістері көбейеді. Оқытуда осындай жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдануда мұғалімде, оқушыда жетістікке жетіп, білімін арттыра түседі.

Солардың ішінде электронды оқу құралдары жайлы айтып кетуге болады. Электронды оқу құралының қазіргі кездегі рөлі күннен күнге артып келе жатыр.

Оқыту процесінде электронды оқулықтарды жасау кезінде гипермәтіндерді енгізу белсенді түрде жасалып келеді. Мұндай оқулықтар бүгінгі таңда графикалық, мәтіндік, цифрлық, аудио, видео, фото және тағы басқа ақпараттардың жиынтығы ретінде анықталады.

Электронды оқулықтар кез келген электронды тасымалдағышта жасалып, компьютерлік желіде жариялана алады.

Оқыту процесінде қолдануға жарамды оқулық құрудың өзектілігі болып оның замануы техникасына сай жасалуы маңызды. Оқулық бұл оқытудың негізгі құралы «кітап, белгілі бір пәнді оқыту үшін арналған, оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайды».

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

